

Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын (63-шығарылым) бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 1 қарашадағы № 421-ө-м Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 23 қарашада № 8099 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 10 қарашадағы № 441 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 10.11.2020 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 125-бабына сәйкес жұмыстардың белгілі бір түрлерінің күрделілігін белгілеу, жұмысшыларға біліктілік разрядтарын беру және кәсіптерінің дұрыс атауларын айқындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (63-шығарылым) бекітілсін.

2. Еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті (А.Ә. Сарбасов) осы бұйрықтың заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Ә. Ахметовке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

С. Әбденов

Қазақстан Республикасы
Еңбек және халықты
әлеуметтік қорғау министрінің
2012 жылғы 1 қарашадағы
№ 421-ө-м бұйрығы

**Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай
тарифтік-біліктілік анықтамалығы (63-шығарылым)
1-бөлім. Жалпы ережелер**

1. Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы (63-шығарылымы) (бұдан әрі БТБА) "Қала, ауыл және елді мекендердегі газ шаруашылығы", "Су құбыры-кәріз шаруашылығы" бөлімдерінен тұрады.

2. Жұмыс разрядтары еңбек жағдайы ескерілмей (еңбектің күрделілік деңгейіне әсер етуші және орындаушының біліктілігіне қойылатын талаптарды арттырушы айрықша жағдайларды қоспағанда), олардың күрделілігіне бойынша белгіленді.

3. Әр кәсіп бойынша тарифтік-біліктілік сипаттаманың екі бөлімі бар. "Жұмыс сипаттамасы" бөлімі жұмысшы орындай білуге тиіс жұмыстардың сипаттамасын қамтиды. "Білуге тиіс" бөлімінде арнаулы білімге, сондай-ақ ережелерді, нұсқаулықтар мен басшы материалдарды, жұмысшы қолдануға тиісті әдістер мен құралдарды білуіне қатысты жұмысшыға қойылатын негізгі талаптар қамтылған.

4. "Білуге тиіс" бөлімінде қамтылған теориялық және практикалық білімдермен қатар, жұмысшы: еңбекті қорғау, өндірістік санитария мен өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормаларды; жеке қорғану құралдарын пайдалану ережесін; орындалатын жұмыс (қызмет) сапасына қойылатын талаптарды; жарамсыздықтың түрлері мен оның алдын алу және жоюдың тәсілдерін; өндірістік дабылдатқышты; жұмыс орнында еңбекті ұтымды ұйымдастыру жөніндегі талаптарды білуге тиіс.

5. "Жұмыс сипаттамасы" бөлімінде көзделген жұмыстардан басқа, жұмысшы ауысымды қабылдау және тапсыру, жұмыс орнын, айлабұйымдарды, құралдарды жинастыру, сондай-ақ оларды тиісінше ұстау, белгіленген техникалық құжаттаманы жүргізу жөніндегі жұмыстарды орындауға тиіс.

6. Тарифтік-біліктілік сипаттамасында жұмысшы кәсібінің осы разрядына анағұрлым тән жұмыстардың тізбесі келтіріледі. Бұл тізбе жұмысшы орындай алатын және орындауға тиісті жұмыстардың барлығын қамти алмайды. Жұмыс беруші қажетті жағдайда, жұмыс ерекшелігін ескере отырып, тиісті разряд жұмысшылары кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларында қамтылған жұмыстарға сәйкес келетін жұмыстардың қосымша тізбесін әзірлей алады.

7. Біліктілігі анағұрлым жоғары жұмысшы өзінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында санамаланған жұмыстармен қатар, біліктілігі анағұрлым төмен жұмысшылардың тарифтік-біліктілік сипаттамасында көзделген жұмыстарды

орындай білуге, сондай-ақ осы кәсіптегі разряды төмен жұмысшыларға басшылық жасай білуге тиіс. Осыған байланысты, анағұрлым төмен разряд кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамасында келтірілген жұмыстар, анағұрлым жоғары тарифтік-біліктілік сипаттамасында, әдетте келтірілмейді.

8. Кәсіптердің тарифтік-біліктілік сипаттамалары жұмыстарды тарифтеу және меншік құқығы мен ұйымдастырушылық-құқықтық нысанына қарамастан, ерекше ескертілген жағдайларды қоспағанда, осы бөлімде көрсетілген өндірістер мен жұмыс түрлері бар ұйымдарда қызметкерлерге разряд беру кезінде міндетті болып табылады.

9. Қызметкердің еңбек кітапшасын толтыру кезінде, сондай-ақ тарифтік разрядты өзгерту кезінде оның кәсібінің атауы БТБА-ға сәйкес жазылады.

10. Қолданылуға ыңғайлы болу мақсатында, БТБА-да алфавиттік көрсеткіш 1-қосымшада көзделген, онда жұмысшылар кәсіптерінің атаулары, разрядтардың диапазондары және беттердің нөмірленуі қарастырылған.

11. "Қала, ауыл және елді мекендердегі газ шаруашылығы", "Су құбыры-кәріз шаруашылығы" бөлімдерінде қарастырылған жұмысшы кәсіптері атауларының, олардың БТБА шығарылымында көзделген атаулары тізбесі БТБА-ның (63-шығарылым) 2-қосымшасында және 1985 жылғы редакциясында берілген.

2-бөлім. Қала, ауыл және елді мекендердегі газ шаруашылығы

1. Булау құрылғысының аппаратшысы

Параграф 1. Булау құрылғысының аппаратшысы, 4-разряд

12. Жұмыс сипаттамасы:

қазандықтар мен пештерді газбен жабдықтауға арналған жабдықтарға қызмет көрсету;

жабдықтарды іске қосу және тоқтату;

сұйық газдың булануына қажетті технологиялық режимді жабдыққа баптау;

булағышқа қажет бу және сұйық газдың мөлшерін, араластырғыш құрылғысына газ және ауа жіберу;

газ шығынын есептейтін есептегіштер мен үйлестіру-сору желдеткішін қосу және тоқтату;

одоризациялық және кептіргіш құрылғыларды қосу және ажырату;

булау құрылғысының, газ құбырлары арматурасы мен бу құбырларының және ауа құбырларының жабдықтарын жөндеуге қатысу;

қысыммен істейтін ыдыстарды қайта куәландыруға дайындау;

бақылау-есептеу жазбасын жүргізу.

13. Білуге тиіс:

булағыштардың, газ реттейтін жабдықтардың және резервуарлық құрылғының құрылымы, жұмыс принципі мен қызметі;

газ ауа инжекциялық араластырғыш агрегаттарының құрылымы мен қызметі;

бақылау-өлшеу аспаптары мен арматуралардың құрылымы мен қолдану принципі, сұйық газды газ тәріздес қалыпқа айналдыру процесінің технологиясы мен газды ауаға араластыру нормасы;

кептіру және одоризациялық құрылғы құрылымдары;

зертханалық талдауға арналған газ ауа қоспасынан сынама алу аспаптары;

қысыммен істейтін бу, ауа және газ ыдыстарын қайта куәландыру мерзімдері;

бақылау-есептеу жазбаларын жүргізу ережесі.

2. Пеш шаруашылығы бақылаушысы

Параграф 1. Пеш шаруашылығы бақылаушысы, 2-разряд

14. Жұмыс сипаттамасы:

қатты, сұйық және газ тәрізді отынмен жылытылатын пештер мен плиталардың мұржаларын уақытылы тазалануын бақылау, пештерді қатты отыннан газ тәрізді отынға ауыстыруға дайындығын тексеру;

мұржа қақпақтарының шатырда дұрыс орналасуын тексеру және жел тірегішті орнату орнын белгілеу;

мұржалар мен қақпақтарының жарамдылығын "Құбыр-пеш жұмыстары бойынша көрсеткіштерге" сәйкес айқындау;

нұсқаулықтан ауытқу байқалғанда оларды жою.

15. Білуге тиіс:

мұржалар мен желдеткіштерді тексеру және тазалау тәртібі;

газ аспаптарынан жанатын заттарды бұратын мұржалардың құрылымы, газ отынға жабдықталған пештерге қойылатын талаптар.

Параграф 2. Пеш шаруашылығы бақылаушысы, 3-разряд

16. Жұмыс сипаттамасы:

пеш жылытқышын отқа төзімді кірпішпен қалануын бақылау;

мұржалар мен арнайы пештердегі күлді күйдіру;

газ оттықтарын орнатуға қабылдау;

басының биіктігін "Құбыр-пеш жұмыстары жөніндегі көрсеткіштер" мен "Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережесіне" сәйкестігін тексеру, саңылау тесіп шибердің орнатылуын тексеру;

мұржа және пештердің техникалық жағдайы туралы белгіленген форма бойынша актісін жасау.

17. Білуге тиіс:

пеш жұмыстарының түрлері мен оларды жүргізу ережесі, қолданылатын жылыту аспаптарының құрылымдары мен қатты отыннан газ тәрізді отында ауыстырылатын пеш, мұржа және желдеткіш арналарына қойылатын талаптар;

қатты отыннан газ тәрізді отында ауыстырылатын пеш, мұржалардың техникалық жағдайына акті ресімдеу тәртібі.

Параграф 3. Пеш шаруашылығы бақылаушысы, 4-разряд

18. Жұмыс сипаттамасы:

газ тәрізді отынға қайта жабдыкталған барлық жүйедегі пештерді сызба бойынша және техникалық шарттар бойынша бақылау;

мұржалардағы, желдеткіш арналардағы күрделі үйінділердің орнын белгілеу және оларды жою;

пештен шығатын мұржаның, газбен жылытылатын су қыздыратын және шаруашылық-тұрмыстық аспаптардың ерекшеліктері мен тығыздығын айқындау;

газ отынмен істейтін пештерді қайта жабдықтауда және пайдалануға қабылдауда техникалық құжаттаманы ресімдеу.

19. Білуге тиіс:

түрлі жүйедегі пештердің құрылымы мен "Құбырпеш жұмыстары көрсеткіштері", "Газ шаруашылығындағы қауіпсіздік ережесі", пеш жұмыстары өндірісінде өртке қарсы іс-шаралар;

қажетті техникалық құжаттаманы ресімдеу тәртібі мен жұмысты тапсыру.

3. Газ тарату станциясының машинисі

Параграф 1. Газ тарату станциясының машинисі, 4-разряд

20. Жұмыс сипаттамасы:

сығымдалған газды айдау, қиыстыру-сору желдеткіші жөніндегі компрессорларға, сорғыларға қызмет көрсету;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды іске қосу, тоқтату және оның жұмысын қадағалау;

агрегаттардың жұмысын және материалдардың шығымын есептеуді жүргізу;

сорғы-компрессорлық бөлімше агрегаттары мен коммуникацияларын ағымдағы жөндеу.

21. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылымы мен пайдалану ережесі;

газ тарату және газ толтыру станцияларының, газ құбырларының коммуникацияларының газ құбырлары бойынша сығымдалған газды тасымалдау технологиясы, компрессорлар мен газ құбырлары жүйесінде белгіленген бақылау-өлшеу аспаптары;

компрессорларды, бекіткіш арматуралар мен аппаратураларды жөндеу түрлері;

үйлестіру-сору желдеткішін іске қосу және ажырату тәртібі мен ауа алмастыру нормалары, құрылғыларды ажырататын іске қосқышқа, жарықтандыру арматурасына, электр сымға қойылатын техникалық талаптар;

өртке қарсы керек-жарақтарды пайдалану ережесі.

Параграф 2. Газ тарату станциясының машинисі, 5-разряд

22. Жұмыс сипаттамасы:

сығымдалған газды айдау технологиялық процесін жүргізу. бақылау-өлшеу аспаптары мен қорғау құрылғыларын тексеру;

газ тарату станциялары (ГТС) жабдықтарына қызмет көрсету және баптау;

агрегаттар мен олардың тораптарының жұмысындағы ақаулықтарды айқындау және жою;

компрессорларды, сорғыларды, сорғы-компрессорлық бөлімшелер мен басқа да жабдықтарды күрделі жөндеу өндірісі;

ГТС жабдықтарын жөндеуде ақаулық ведомостісін жасауға қатысу;

ГТС жабдықтарын резервке немесе жөндеуге шығару және қайта қосу; ауысымдағы машинистердің жұмысын басқару.

23. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін жабдықтардың құрылымдық ерекшеліктері мен баптау ережесі, компрессорлардың, сорғылардың, аспалы құрылғылардың, үйлестіру-сору агрегаттары мен компрессорлық-сорғылық бөлімшеде орналастырылған басқа да жабдықтардың жұмысындағы барлық ақаулықтарды тексеру және жою тәсілдері;

жоспарлы алдын ала жөндеу және қызмет көрсетілетін жабдықтарды ревизиялау тәртібі;

бақылау-өлшеу аспаптары мен қорғау құрылғыларының құрылымы.

4. Газгольдер станциясының операторы

Параграф 1. Газгольдер станциясының операторы, 2-разряд

24. Жұмыс сипаттамасы:

анағұрлым жоғары білікті оператордың басшылығымен 250 мың м³-қа дейін көлемдегі газгольдер станциясындағы газды реттеу, өлшеу және есептеу аспаптарына қызмет көрсету және газгольдерді газбен толтыру;

қызмет көрсетілетін жабдықтардың қажалып тұратын бөлшектерін майлау.

25. Білуге тиіс:

станция жабдықтары жұмыстарының технологиялық тәсімі, жер асты газ коммуникацияларының тәсімдері;

бақылау-өлшеу аспаптарының қызметі мен пайдалану ережесі;

майлау түрлері мен тәсілдері.

Параграф 2. Газгольдер станциясының операторы, 3-разряд

26. Жұмыс сипаттамасы:

газгольдермен газды толтыру және аумағы 250 мың м³-қа дейінгі газгольдер станциясында газды реттеу, өлшеу және есептеу аспаптарының жұмысын бақылау;

анағұрлым жоғары білікті оператордың басшылығымен 250 мың м³-тан асатын көлемдегі газгольдер станциясындағы газды реттеу, өлшеу және есептеу аспаптарына қызмет көрсету;

газгольдер, сорғы, газ коммуникациялары, блоктау және белгі беру жүйелерінің, көтергіш механизмдердің жұмысын, құдық және шамшырақтардың жай-күйін қадағалау;

газгольдер станциясына газ жіберу режимін сақтауды қамтамасыз ету;

бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштері бойынша газгольдердегі газдың температурасын, қысымын және көлемін, май бекіткіштегі майдың деңгейін, шайба, резервуарлардағы судың деңгейі мен температурасын бақылау және реттеу;

газдың шығуын тексеру және жою;

газ қабылдау және шығу қысымын шұғыл есептеуді жүргізу;

аспаптардың көрсеткіштерін шұғыл журналға тіркей отырып өңдеу және мәліметтерді орталық диспетчерлікке жіберу.

27. Білуге тиіс:

газгольдер құрылымы мен жұмысының режимі, станция жабдықтары жұмыстарын қайта қосу ықтимал нұсқалары, газ жіберу режимі;

қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы;

тіркейтін аспаптардың диаграммасын өңдеу ережесі;

станция жұмыстарын шұғыл есептеу жүргізу тәртібі;

газгольдер толтыру және босатудың рұқсат етілген шегі, газгольдерлерде сақталатын газдың қасиеті.

Параграф 3. Газгольдер станциясының операторы, 4-разряд

28. Жұмыс сипаттамасы:

газгольдермен газды толтыру және аумағы 250 мың м³-тан асатын газгольдер станциясында газды реттеу, өлшеу және есептеу аспаптарының жұмысын бақылау. тіркейтін аспаптардың көрсеткіштерін оларды планиметриялап және қажетті түзетулер енгізе отырып өңдеу;

газгольдер станциясындағы газдың іс жүзінде шығуын және қалдық газды айқындау;

газгольдер станциясының қорғау құрылғыларының кезеңді тексерулеріне қатысу және құдықтардың, өндірістік орынжайлардың және станция имараттарының газделуін тексеру;

резервуарларды кезеңімен куәландыруда газгольдер станциясының ішін тексеруге қатысу;

станция жұмысының есеп құжаттарын және жұмыс кестесін жасау;

пиролиз газ бөлу өндірісінде газгольдерге қызмет көрсету.

29. Білуге тиіс:

жер асты газ коммуникациялары мен имараттардың тәсімдері;
газгольдер станциясы жабдықтарының құрылымы мен орналасуы;
станция жабдықтары мен аспаптарының өзара іс-әрекеті;

газбен жабдықтау және газгольдер станциясын газбен толтырудың берілген режимінің бұзылуына әкеп соғатын себептер;

түрлі үлгідегі газ талдағыштардың құрылымы;
талдау нәтижелері бойынша қажетті есептер жүргізу ережесі.

5. Газ шаруашылығында авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары

Параграф 1. Газ шаруашылығында авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары, 4-разряд

30. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 500 мм-ге дейінгі төмен және орта қысымдағы істеп тұрған газ құбырларда авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау;

конденсат жинағыштардан газ конденсатын шығару;

крандарды майлау, газ құбырларының герметикалығын сынау, оларды үрлеу және булау;

авариядан тазарту үшін жер асты газ құбырлары трассасындағы шурфтарды қазу;

газ аппаратурасын, тамақ пісіретін қазандықтарды, топтық сұйық газ баллон құрылғыларын, сондай-ақ газ тұтыну пештерінде және өнеркәсіптік, коммуналды-тұрмыстық және ауыл шаруашылық кәсіпорындары мен мекемелерінің басқа да агрегаттарына орналастырылған газ жабдықтарын қалпына келтіру жөніндегі жөндеу жұмыстарын орындау;

газды желіге жіберу және газ жабдықтары желісіне қосу.

31. Білуге тиіс:

тұрмыстық газ аппаратурасының, пәтерлердегі автоматты жылыту қазандықтарының, тамақ пісіретін қазандықтар мен сұйық газ топтық баллон құрылғыларының құрылымы, техникалық пайдалану және жөндеу ережесі;

газды желіге жіберу, газ жабдықтарын монтаждау және желіге қосу ережесі;

газ құбырлары мен коммуникацияларының орналасу тәсімі, резервуарлардың және басқа да қысыммен істейтін ыдыстардың құрылымы және қауіпсіз пайдалану жөніндегі қазандықты қадағалау ережесі;

диаметрі 500 мм-ге дейінгі төмен және орта қысымдағы істеп тұрған газ құбырларда авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу ережесі, газ құбырларын үрлеу, булау және герметикалығын сынау ережесі, авариялық газ құбырлардағы уақытша байпастардың құрылымы;

шойын газ құбырлардың келте құбыр қоспаларындағы жөндеу жұмыстары мен газ құбырларда муфталар орнату тәсілдері;

монтаждаудың және жер асты газ құбырларын пайдаланудың техникалық шарттары.

Параграф 2. Газ шаруашылығында авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары, 5-разряд

32. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 500 мм-ден жоғары төмен және орта қысымдағы және 500 мм-ге дейінгі диаметрдегі жоғары қысымды істеп тұрған газ құбырларда авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау;

газ шығатын учаскелерді оқшаулау;

газ құбырларына тығыздау, күшейту, жапсырмалы муфталар мен бандаждарды орнату;

тікелей істейтін газ құбыры трассасында үлгілік бөліктер мен жекелеген бөлшектерді белгілеу, жасау және монтаждау;

газ құбырлары тораптары эскиздерін және оның қималарын жасау;

жер асты газ құбырларының орналасуын айқындау, газ құбырларының жай-күйін және оның оқшаулануын электронды аспаптармен тексеру;

істейтін газ құбырларды кесу және демонтаждау слесарлық жұмыстарын орындау;

газ толтыру станцияларындағы аварияларды жою жөніндегі жұмыстарды орындау және пневмомеханикалық және электр автоматикалы газ жабдықтарын қалпына келтіру.

33. Білуге тиіс:

автоматты ресторандағы газ плиталарының, газделген жылыту өнеркәсіптік қазандық агрегаттарының, аулалық сұйық газ резервуар жабдықтарының, булағыштар мен жылу алмастырғыштар, газгольдерлік құрылғылар мен қазандықтардағы, пештердегі және басқа да газ жабдықтары автоматикасының құрылымы, техникалық пайдалану және жөндеу ережесі;

диаметрі 500 мм-ден жоғары төмен және орта қысымдағы және 500 мм-ге дейінгі диаметрдегі жоғары қысымды істеп тұрған газ құбырларда авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу ережесі, істеп тұрған газ құбырларын кесу және қайта қосу тәсілдері мен ережесі, қысымын төмендетпей істеп тұрған газ құбырларын кесуге арналған айлабұйымдардың құрылымы; авариядан кейін газ құбырлары мен олардағы имараттардың герметикалығын сынау және пайдалануға беру ережесі;

электронды аспаптардың құрылымы, газ құбырлары тораптары мен қималары эскиздерін жасау техникасы;

металл және электр техникасы технологиясы негіздері, газ құбырларының, газ тарату және газ толтыру станцияларының техникалық тәсімдері, резервуарлар мен басқа да газ жабдықтарын куәландыру және сынау ережесі.

Параграф 3. Газ шаруашылығында авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары, 6-разряд

34. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 500 мм-ден жоғары диаметрдегі жоғары қысымды істеп тұрған газ құбырларда және металл емес газ құбырларда авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын орындау;

тікелей істейтін газ құбыры трассасында ерекше ірі үлгілік бөліктер мен жекелеген бөлшектерді белгілеу, жасау және монтаждау;

істеп тұрған газ құбырлары және газ тұтынатын жабдықтарда катодты, протекторлық және дренажды электр қорғау құрылғыларын, автоматика және телемеханикалық құрылғыларды ажырату, баптау және қосу;

газ жабдықтарын электрлі қорғау жөніндегі жұмыстарды өндіру;

газгольдер станцияларындағы аварияларды жою жөніндегі жұмыстарды орындау;

газ құбырларының жай-күйін және оны оқшаулауды диагностикалық аспаптармен айқындау;

аварияны жою, автоматика және телемеханика жабдықтарын баптау және іске қосу жұмыстарын басқару.

35. Білуге тиіс:

диаметрі 500 мм-ден жоғары жоғары қысымдағы істеп тұрған газ құбырларда авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу ережесі, газ құбырларының және электрмен қорғау құралдарының тәсімі;

істеп тұрған газ құбырларын кесу және қайта қосу тәсілдері мен ережесі, жер асты газ құбырларындағы күрделі жабдықтардың құрылымдық ерекшеліктері мен оны жөндеу ережесі, газ құбырларының сызбалары (жоспар, кескін, тәсім) мен газ құбырларының күрделі тораптары мен қималарын жасау ережесі;

телемеханика және автоматика жүйелерімен жабдықталған газ реттегіш станциялар мен қазандықтардағы газ жабдықтары мен автоматиканы баптау ережесі;

электр құрылғыларында жұмыс істеу, телемеханика және автоматика жүйелері жабдықтары мен аппаратураларын баптау ережесі, күрделі бақылау-өлшеу және диагностикалық аспаптарды баптау және реттеу ережесі;

катодты, электр дренажды қорғау құрылғыларының принципиялды тәсімдері мен ерекшеліктері.

6. Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь

Параграф 1. Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 2-разряд

36. Жұмыс сипаттамасы:

жер асты газ құбырларына және олардың имараттарына: коверлер, құдықтар, конденсатор жинағыштар, гидротығындарға қызмет көрсету;

құдықтардағы, жертөлелердегі және бақылау түтіктеріндегі газды газталдағыштармен өлшеуге қатысу;

құдықтардың ауасын тазарту;

сақтандыру белгілерін және қабырға көрсеткіштерін орнату;

жөндеу, оқшаулардың зақымданған жерлерін, кесінділерді қалпына келтіруде қосымша және слесарлық жұмыстарды орындау және істеп тұрған газ құбырларын қайта қосу;

газ құбырлардағы газдың шығуын тексеру.

37. Білуге тиіс:

газ құбырлары мен трассада қызмет көрсету учаскелерінің имараттары коммуникациялары;

газ құбырларындағы газдың шығуын айқындау ережесі;

коверлерді орнатудың техникалық талаптары, газделген құдықтардың ауасын тазарту тәсілдері, газ талдағыштардың құрылымы мен пайдалану ережесі, жеке қорғану құралдарын пайдалану ережесі.

Параграф 2. Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 3-разряд

38. Жұмыс сипаттамасы:

200 мм-ге дейінгі төмен қысымдағы істеп тұрған газ құбырларын жөндеуде слесарлық жұмыстарды орындау. газ құбырлары трассаларына және олардың имараттарына қызмет көрсету;

төмен қысымды конденсат жинағыштардан конденсатты алып тастау;

газ құдықтардың, конденсат жинағыштар мен арматураның жарамдылығын тексеру;

трасса айналмасы нәтижелерінің жабасын жүргізу;

төмен қысымды газ құбырлардағы линза конденсаторлар мен ысырмаларды қысыммен монтаждау және демонтаждау;

төмен қысымды газ құбырлардағы газ шығаратын жерлерін бекіту;

газ құбырларынан газ ауа қоспасын шығару, көсеу және газ құбырларын тазалау;

жер асты газ құбырларында оқшаулауды қалпына келтіру;

бақылау тексеру орынжайлары мен құдықтарындағы газ ауа қоспасынан сынама алу;

сыйымдылықтардың шығын-редукциялық қақпақтарындағы манометр көрсеткіштерінің дұрыстығын тексеру;

газ құдықтарды жөндеу;

газ құбырлары мен олардағы имараттарда алдын ала және ағымдағы жөндеу;

газ құбырларының тереңдігіне ұңғыма бұрғылау;
газ құбырларын оқшаулау және жай-күйін байқау;
газ құбырларындағы газдың қысымын өлшеу.

39. Білуге тиіс:

газ құбырлары мен имараттарында жұмыс жүргізу ережесі;
жер асты газ құбырларының қызметі мен арматура құрылымы;
газ құбырлары имараттарындағы ақаулықтарды анықтау және жою тәсілдері;

қысым реттегіштердің, манометрлердің, қорғау клапандары мен шығын-редукциялық қақпақ тығын арматураларының құрылымы, конденсат жинағыштардан конденсатты жою тәсілдері мен ережесі, орынжайлар мен құдықтарда бақылау тексеру үшін газ ауа қоспасынан сынама алу тәсілдері, төмен қысымды істеп тұрған газ құбырларда кесінділер мен қайта қосу үлгілері және газ құбырлары тораптарының тығыздығын тексеру тәсілдері, тотқа қарсы оқшаулау үлгілері;

оларды газ құбырларға жағу тәртібі мен қолдану тәртібі, ұңғыма бұрғылау ережесі, газ құбырлардағы тығындарды анықтау және жою тәсілдері, тығындарды жоюға арналған еріткіштердің қасиеттері, оларды қолдану, сақтау тәртібі.

Параграф 3. Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 4-разряд

40. Жұмыс сипаттамасы:

500 мм-ге дейінгі төмен қысымдағы істеп тұрған газ құбырларын жөндеуде слесарлық жұмыстарды орындау;

жоғары және орта қысымдағы газ құбырлары трассаларында конденсат жинағыштарды байқау, тексеру, ауыстыру және орнату, олардағы конденсатты жою;

конденсат жинағыш стояктарындағы анықталған ақаулықтарды жою;

газ құбырларының айналымының кестесін және бағдар карталарын жасау;

газ құбырларының тығыздығын сынау, үрлеу және булау;

жер асты газ құбырларын жөндеуге күрделі слесарлық жұмыстарды орындау, газдың шығуын және бекітілуін болдырмау;

линзалық компенсаторларды, конденсат жинағыштар, гидротығындарды және ысырмаларды газдың орта және жоғары қысымымен монтаждау және демонтаждау;

жер асты газ құбырларының орналасуын айқындау, оларды оқшаулау қалпын электронды аспаптармен тексеру;

ашылған учаскені оқшаулау арқылы газ құбыры трассасын шурфалау;

құбырларды дәнекерлеуге дайындау және ортасын дәлдеу;

жоғары қысымды газ құбырларында крандарды майлау;

газ құбырлары трассаларының жанындағы бөгде ұйымдардың жұмысын өндіруде газ құбырларының сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдау.

41. Білуге тиіс:

газ құбырлары трассаларында жұмыс жүргізу ережесі, орта және жоғары қысымды конденсат жинағыштардан конденсатты жою ережесі мен тәсілдері, жер асты газ құбырларындағы жұмыстарда қолданылатын барлық жүйедегі газ талдағыштардың құрылымы мен жұмысын тексеру, газ құбырларын үрлеу, сынау және булау тәсілдері мен ережесі, жер асты газ құбырларын монтаждау, сынау және пайдалануға берудің техникалық шарттары, күрделі жөнделетін газ құбырларындағы уақытша байпастардың құру ережесі мен тәсілдері, шойын газ құбырларының келте құбыр қоспаларын жөндеу тәсілдері мен ережесі;

шойын газ құбырларды жөндеу түрлері, диаметрі 500 мм-ге дейінгі жоғары және орта қысымды құбырлардағы кесінділер мен қоспаларды өндіру ережесі, газ құбырларын оқшаулау жай-күйін бақылау электронды аспаптардың құрылымы мен жұмысы; диаметрі 500 мм-ге дейінгі орта және жоғары қысымды істеп тұрған газ құбырларда жөндеу түрлері;

орта және жоғары қысымды барлық диаметрдегі газ құбырларға тығыздау муфталарын орнату тәсілдері, диаметрі 500 мм-ге дейінгі орта және жоғары қысымды газ құбырларының линзалы компенсаторлары мен бекіткіш арматураларын монтаждау және демонтаждау құрылымы мен ережесі.

Параграф 4. Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 5-разряд

42. Жұмыс сипаттамасы:

500 мм-ден жоғары орта және жоғары қысымдағы істеп тұрған газ құбырларын жөндеуде слесарлық жұмыстарды орындау;

газ құбырларында тығыздау, күшейту, жапсырмалы муфталар мен бандаждарды орнату;

жер асты газ құбырларын оқшаулау;

газ құбырларының ірі үлгілік бөлшектерін және бөлшектерін тікелей трассаларда белгілеу, жасау және монтаждау;

газ құбырлары мен кесінділердің жекелеген күрделі тораптарының эскиздерін жасау;

оқшаулау жай-күйін айқындау және жерасты газ құбырларының герметикалығын электронды аспаптармен тексеру;

газ құбырларының тығыздығын сынау, үрлеу және булау;

төмен қысымдағы конденсат жинағыштардың, түтіктер мен өткізгіштердің су өткізетін түтіктерін ұзартуда ерекше күрделі слесарлық жұмыстарды орындау;

орта және жоғары қысымды конденсат жинағышты демонтаждау, ауыстыру және монтаждау;

төмендеу білікті слесарлардың жұмысын басқару.

43. Білуге тиіс:

диаметрі 500 мм-ден жоғары істеп тұрған орта және жоғары қысымды газ құбырларды кесу, оқшаулау және қайта қосу тәсілдері мен ережесі;

газ құбырларын үрлеу ережесі мен тәсілдері, сынау және булау, газ құбырларын герметикалығын электронды аспаптардың құрылымы мен жұмысы, диаметрі 500 мм-ден жоғары конденсат жинағыштар, ысырмалар, өздігінен майлайтын крандарды монтаждау және демонтаждау тәртібі, қысымды төмендетпей газ құбырларын кесуге арналған айлабұйымдардың құрылымы және осындай газ құбырларын жөндеу ережесі;

пісіруге арналған күрделі және ірі үлгілік бөлшектерді белгілеу, өңдеу және құрастыру техникалық шарттары, газ құбырлары мен олардың имараттарын монтаждау, сынау және пайдалануға тапсырудың техникалық шарттары, жер асты газ құбырларында орнатылған ерекше күрделі жабдықтардың құрылымдық ерекшеліктері мен оны жөндеу ережесі;

газ құбырларының сызбаларын (жоспар және кескін) оқу, күрделі тораптардың эскиздерін жасау және газ құбырларының қималарын жасау.

7. Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь

Параграф 1. Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 2-разряд

44. Жұмыс сипаттамасы:

жетілдірілген және автоматты құрылғылармен жабдыкталмаған тұрмыстық газ плиталарын ауыстыру жөніндегі слесарлық жұмыстарды орындау, бұл плиталар мен үй ішіндегі арматуралы газ құбырларына қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу;

инертті газбен үрлей отырып сұйық газға арналған баллондардың ішкі жағын булау;

баллондардың жіктерін пісіруге дайындау;

баллондарды тігуге және оларға башмақтар мен бобышкалар пісіруге қатысу;

бояудан алдын баллондарды дайындау, баллон башпақтарын түзету;

тығыздаушы муфталардағы қылтанақтарды алып тастау;

газбен дәнекерлеу үшін сымды дайындау;

баллондарға вентильдерді орнату және баллондарды өлшеу;

баллондарды ауыстыру және профилактикалық жөндеу және газ аспаптарын пайдалану ережесі бойынша абоненттердің инструктажын жүргізу;

белгі қою.

45. Білуге тиіс:

тұрмыстық газ плиталарының, үй ішілік газ құбырларының құрылымы мен техникалық пайдалану және жөндеу ережесі және олардың арматуралары, баллондар мен олардың вентильдерінің үлгілері мен құрылымы; баллондарды жөндеуде қолданылатын бақылау-өлшеу аспаптары, механизмдер мен айлабұйымдардың қызметі және пайдалану ережесі, баллондар мен муфталардағы қылтанақтарды жою тәсілдері;

газ дәнекерлеуде қолданылатын сымның қызметі.

Параграф 2. Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 3-разряд

46. Жұмыс сипаттамасы:

жартылай автоматты газ су қыздырғыштарды ауыстыру жөніндегі слесарлық жұмыстарды орындау, барлық жүйедегі тұрмыстық газ плиталарына, кір жуу машиналарына, тоңазытқыш және инфрақызыл сәулелену жанарғысына қызмет көрсету, реттеу және ағымдағы жөндеу;

редукторларды ауыстыру, тұрмыстық аспапқа газды жіберу, газгольдер және газ тарату станцияларындағы газ құбырлары мен бекіту арматурасына қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу;

газгольдерлерді, газ тарату станциялары мен сұйық газдың топтық құрылғыларын ішкі станциялары мен гидравликалық сынауға дайындау;

газ реттеу пункттерді жабдықтарды жұмысын тексеру.

47. Білуге тиіс:

тұрғын үйді газбен жабдықтау ережесі, үй ішілік газ жабдығын пайдалану ережесі;

газ аспаптарын жөндеу түрлері, газгольдерлік және газ тарату станцияларының газ құбырларының технологиялық тәсімдері, газгольдерлік және газ тарату станциясы коммуникациялары мен жабдықтарды ағымдағы жөндеу ережесі;

станциялардағы резервуарлар мен басқа да жабдықтарды куәландыру және сынау ережесі;

газ реттеу пункттерінің жабдықтарының жұмыс істеу принципі, теңшеу және ағымдағы жөндеу;

қысыммен істейтін ыдыстардың құрылымы мен қауіпсіз пайдалану ережесі.

Параграф 3. Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 4-разряд

48. Жұмыс сипаттамасы:

газбен істейтін және автоматты су қыздырғыштарды ауыстыру жөніндегі слесарлық жұмыстарды орындау, оларға, жылыту пештерінің жанарғыларына, автоматикалық пәредегі жылыту қазандықтарына, тамақ пісіретін қазандықтарға, ресторандық плиталарға, сұйық газ топтық баллон құрылғыға, газ жабдықтарына

және газ реттеу пункттерінің санитарлық-техникалық жабдықтарына (түрлі үлгідегі реттегіштер, бекіту-қорғау арматурасы, негізгі және импульсті газ құбырлары) қызмет көрсету, реттеу және жөндеу;

істеп тұрған газ құбырларын кесу жөніндегі слесарлық жұмыстарды орындау;

сұйық газға арналған орталықтан тебетін және поршендік сорғылардың, компрессорлардың барлық түрлерін жөндеу, булау құрылғысына, өздігінен жабылатын баллон вентилдері клапандарына қызмет көрсету, жөндеу;

құрылыста істеп тұрған жаңа газ реттейтін пункттер мен станцияларды қайта құрудағы монтаждау жұмыстарын орындау;

топтық газ баллондық құрылғыларды монтаждау;

мекемелерде және коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарда орнатылған газ жабдықтарының барлық түрлерін, сондай-ақ автоматикасыз қазандықтарға газ жіберу, қызмет көрсету және жөндеу.

49. Білуге тиіс:

тұрғын үйді, коммуналды тұрмыстық кәсіпорындар мен қазандықтарды газбен жабдықтау ережесі, автоматикалы тұрмыстық және коммуналды тұрмыстық газ аспаптардың құрылымы мен қолдану принципі, тұрғын үйді, коммуналды тұрмыстық кәсіпорындар мен қазандықтарда орналастырылған газ жабдықтарын монтаждау және газ жіберу ережесі;

желілік және сұйық газ аспаптарының түрлері мен жөндеу тәсілдері;

газ реттегіш пункттердің санитарлық-техникалық құрылғыларының құрылымы, қолдану принципі, жөндеу ережесі, сұйық газ тарату станцияларындағы орталықтан тебетін және поршенді сорғылардың, булау құрылғыларының, компрессорлардың құрылымы, монтаждау және жөндеу.

Параграф 4. Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу жөніндегі слесарь, 5-разряд

50. Жұмыс сипаттамасы:

газ реттеу пункттері жабдықтары мен автоматиканы теңшеу және баптау жөніндегі слесарлық жұмыстарды орындау;

автоматикалы тамақ пісіретін қазандықтар мен ресторан плиталарына қызмет көрсету және ағымдағы жөндеу;

істеп тұрған газ құбырларды кесу жөніндегі слесарлық орта күрделіктегі және күрделі жұмыстарды орындау;

газгольдерлік және газ тарату станцияларында Мемлекеттік техникалық қадағалау инспекторлық тексеруге жататын жабдықтарды тапсыруға дайындау және қатысу;

газгольдерлік, газ тарату және газ реттеу станцияларының жабдықтары мен жер асты коммуникацияларын демонтаждау, монтаждау, жөндеу кезінде слесарлар бригадасын басқару;

тұратын ғимараттардың, электр станциялардың, коммуналды тұрмыстық және өнеркәсіптік кәсіпорындардың қазандықтарына газ жіберу, газ жабдықтарына, пневматикалық және электрлік автоматикаларға қызмет көрсету және жөндеу, қазандықтарды, қазандықтардың газ жағу құрылғыларының жұмыс істеуін сынау және (іске қосқанда және ажыратқанда) баптау;

бақылау-өлшеу аспаптарын баптау;

ауладағы резервуарлық сұйық газ құрылғыларын толтыру, олардағы қалдықтарды шығару, сол құрылғыларды кезеңімен куәландыруға дайындау;

булау құрылғыларын іске қосу және реттеу;

қазандық, реттегіш және резервуарлық құрылғылардың газ жабдықтарын жөндеуге ақау ведомостілерін жасау.

51. Білуге тиіс:

металл және электр техникасы негіздері, ақауларын табу тәсілдері мен жою ережесі;

газгольдерлік, газ тарату және газ реттеу станцияларындағы жабдықтарды сынау және баптау;

газ отынмен жұмыс істейтін станциялар мен қазандықтардың бақылау-өлшеу аспаптарын монтаждау, жөндеу ережесі мен мемлекеттік тексеруге тапсыру, газдалған қазандықтардың автоматиканың құрылымы, пайдалану, жөндеу және баптау ережесі;

сұйық газ, булағыш, жылу алмастырғыштардың ауладағы резервуарлық құрылғылары жабдықтарының құрылымы мен пайдалану ережесі.

8. Электргазбен пісіруші – оюшы

Параграф 1. Электргазбен пісіруші – оюшы, 4-разряд

52. Жұмыс сипаттамасы:

төмен қысымдағы істеп тұрған газ құбырлардағы, шойын түтіктердегі және орта және жоғары қысымдағы газ құбырлардағы саңылауларды кесу және қағу;

анағұрлым жоғары білікті электрмен газбен пісіруші оюшының басшылығымен істеп тұрған газ құбырлардағы кесінділерді орындау;

резина тығын, бөгет орнату;

шойын құбырларды, сондай-ақ қысымда тұратын құбырларды кесу және газ құбыржолдарындағы кесілген терезелерді пісіруге тораптар мен жиектерін дайындау;

газ қауіпті жұмыс өндірістерінде аспаптар мен материалдарды дайындау;

істеп тұрған газ құбырларындағы қысымды өлшеу;

газ құбырларындағы бекіту құрылғылары мен тығындардың хал-жайын, артық қысымның болуын тексеру;

газ құбырларын кез келген жағдайда газбен және электрмен пісіру;

конденсат жинағыштарды, гидротығындарды дайындау, пісіру және сынау;

тиісті электродтар мен сымдарды іріктеу;

төмен, орта және жоғары қысымдағы газ құбырларының күшейткіш муфталарын орнату және газдың шығуын болдырмау;

газ құбырларын үрлеуге қатысу;

жандырғылар мен кескіштерді ағымдағы жөндеу;

қарапайым сызбаларды оқу;

кесу кезінде құбырларды белгілеу және қиыстыру.

53. Білуге тиіс:

пісірілетін бөлшектердің конфигурациясы мен қалыңдығына байланысты металлды пісіру режимін орнату тәсілдері, газбен пісіру және кесудің негізгі түрлері мен режимі;

газэлектрмен пісіру және газэлектрмен кесу аппаратурасының құрылымы мен қызмет көрсету және оны пайдалану және жөндеу ережесі;

оттекті, ацетиленді баллондар мен газ генераторларын тасымалдау және қызмет көрсету ережесі;

сұйық газбен метал кесу ережесі;

құбырлар мен үлгілік бөлшектердің сұрыптылығы;

газ құбырларын сынау ережесі;

істеп тұрған газ құбырларда жұмыс істеу ережесі.

Параграф 2. Электргазбен пісіруші – оюшы, 5-разряд

54. Жұмыс сипаттамасы:

жұмыс істеп тұрған төмен және орта қысымдағы газ құбырларды оюды орындау;

шойын құбырларды пісіру;

газ құбырларын кез келген жағдайда газбен және электрмен пісіру;

орындайлардың ішіндегі газ құбырларын кесу;

конденсат жинағыштарды, гидротығындарды, иілген және шығыңқы тығындарды кесу;

катушкаларды пісіру;

жоғары қысымдағы бекітпелер мен компенсаторларды ою;

орта күрделіктегі сызбаларды оқу.

55. Білуге тиіс:

орташа қысымда істейтін құбырлар мен ыдыстарды пісіру ерекшеліктері;

пісірілетін бөлшектердің конфигурациясы мен қалыңдығына байланысты металлды пісіру режимін орнату тәсілдері;

пісірілетін металлдардың технологиясы; түрлі үлгідегі газэлектрмен пісіру және газэлектрмен кесу аппаратурасын пайдалану және жөндеу ережесі;

болат және шойынды пісіру жұмыстарының түрлері мен режимі;

қысыммен істейтін жауапты жіктерді бақылау және сынау тәсілдері, газ құбырларын сынау ережесі;

істеп тұрған газ құбырларда жұмыс істеу ережесі.

Параграф 3. Электр газбен пісіруші – оюшы, 6-разряд

56. Жұмыс сипаттамасы:

жоғары қысымдағы істеп тұрған газ құбырларында ою жұмыстарын орындау;
орынжай ішіндегі істеп тұрған газ реттегіш станцияларының, газ толтырғыштар мен газ таратқыш станцияларының газ құбырларын және қысымдағы компрессорлық бөлімшелерді пісіру;

сұйық газ салынған баллондарды, сұйық газ резервуарларын, газгольдерлер мен басқа да қысыммен істейтін ыдыстарды пісіру;

түрлі қалыңдықтағы болаттан жасалған бұйымдарда түрлі жағдайдағы пісіру жіктерін жасау әдісімен пісіру жұмыстарын орындау;

қысыммен істейтін жұмысқа арналған түрлі конфигурациядағы ерекше жауапты электрмен пісіру;

орынжай ішілік газ құбырлары тораптарын ауыстырудағы газ қауіпті жұмыстар;

түсті металдарды пісіру;

автоматпен, флюс қабатының астынан, газдан қорғалған жерлерде және су астында пісіру;

жанарғыларды, кескіштер мен басқа да газбен пісіру жабдықтарын ашпай редукторларды жөндеу;

табылған пісіру бірікпелерінде және балқытылған металл ақауларын айқындау және түзету;

күрделі сызбаларды оқу;

электр газ пісірушілерінің жұмысын басқару.

57. Білуге тиіс:

жоғары қысымда істейтін құбырлар мен ыдыстарды пісіру ерекшеліктері;

жұқа қабатты бөлшектерді пісіру технологиясы, жоғары қысымды пайдаланылатын газ құбырларында, газ реттеу, газ толтыру станцияларында, компрессорлық бөлімшелер мен басқа да орынжайларда сұйық газ резервуарларын және газгольдер жөндеу кезінде жұмыстарды орындау тәртібі, пісіру қоспалары ақауларының сыныптауышы, оларды айқындау және жою әдістері, болат, шойын және түсті металдарға арналған газбен пісіру жұмыстарының түрлері мен режимі;

материалдардың мемлекеттік стандарттары, электр техникасы, металл өңдеу және металл технологиясы негіздері.

3-бөлім. Су құбыры-кәріз шаруашылығы

9. Су бөлуші

Параграф 1. Су бөлуші, 1-разряд

58. Жұмыс сипаттамасы:

су тарату будкаларынан халыққа су жіберу;

халықтан суға талонмен ақы алу;

су өлшегіштердің көрсеткіштерін алу;

судың шығынын есептеуді жүргізу, зақымданғанда құбыржолдарды бекіту;

су тарату будкасын жылыту және құбыржолдардың сыртын орау;

қатып қалған құбыржолдар мен арматураны қыздыру, мұзын жару;

будканың және бөлінген жерлердің тазалығын сақтау.

59. Білуге тиіс:

су тарату будкалары жабдықтарының құрылымы;

құбыржолдар мен арматураны қыздыру тәсілдері, құбыржолдардың зақымдануы жағдайында суды тоқтату тәсілдері, судың шығуын есептеу және журнал жүргізу ережесі, су өлшегішті күту ережесі.

Параграф 2. Су бөлуші, 2-разряд

60. Жұмыс сипаттамасы:

су тегеуріні сорғысына, резервуарларға қызмет көрсету;

судың болуы туралы журналды жүргізе отырып башнялар мен резервуарлар бактарында судың болуын сағат сайын есептеу;

санитарлық өндеу ережесін сақтай отырып бактар мен резервуарларды тазарту жөніндегі жұмыстарға қатысу;

судың жіберілуін жекелеген аудандар бойынша көбейту немесе қысқарту, сондай-ақ кезекші басқару диспетчерінің нұсқауы бойынша судың өртке қарсы қорын пайдалану.

61. Білуге тиіс:

су тегеуріні сорғысының, резервуарлардың және жылжытпа камераларының құрылымы, санитарлық қадағалау ережесі мен талаптары.

10. Ұйытушы

Параграф 1. Ұйытушы, 2-разряд

62. Жұмыс сипаттамасы:

анағұрлым жоғары білікті ұйытушының басшылығымен ұйытқы, әк, көмір жасау құрылғыларына қызмет көрсету;

берілген қаттылықтағы реагент ерітінділерін жасау;

реагент ерітінділерін жұмыс бактарына және оларды мөлшерлегіш құрылғыларға жіберу;

реагенттердің берілген мөлшерлемесін сақтау;

мөлшерлегіш құрылғылардың жұмысын қолмен реттеу;

шығыр, сорғы, компрессорлар мен басқа да реагент шаруашылығы механизмдерін пайдалану.

63. Білуге тиіс:

ұйытқы, әк, көмір ерітінділерін жасау ережесі мен реагенттердің нормалары мен мөлшері;

реагент шығынының ауыспалы есебін жүргізу ережесі, шығыр, сорғы, компрессор және басқа да реагент шаруашылығы механизмдерінің жұмыс режимі.

Параграф 2. Ұйытушы, 3-разряд

64. Жұмыс сипаттамасы:

ұйытқы, әк, көмір жасау құрылғыларына қызмет көрсету;

мөлшерлеу автоматты жүйесіне қызмет көрсету, диаграмманы ауыстыру, өзі жазатын қауырсынды тазалау, басқарудың автоматты түрінен қолмен басқаратынға немесе керісінше аудару, аспапты нөлге келтіру;

түрлі үлгідегі механикалық араластырғышқа қызмет көрсету.

65. Білуге тиіс:

реагент шаруашылығы технологиялық жабдықтары мен имараттарының құрылымы, олардың жұмыс режимі;

реагент шаруашылығы механизмдерінің құрылымы мен қызмет көрсету.

11. Су құбыры-кәріз желісін аралап тексеруші

Параграф 1. Су құбыры-кәріз желісін аралап тексеруші, 2-разряд

66. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 300 мм-ге дейінгі магистральды су құбырларын, коллекторларды және бекітпелі кәріздік, су құбырларын, көше, аула желілері мен тексеру құдықтарын аралап тексеру;

имараттарды: эстакадаларды, көпір, вантузды құдықтарды, арнайы құдықтардағы авариялық жылжымаларды байқау;

имараттардағы табылған барлық кемшіліктерді белгілей отырып аралап тексеру журналын жүргізу;

арнайы бригаданы шақыруды талап етпейтін желідегі кемшіліктерді жою.

67. Білуге тиіс:

құбыржолдардағы желінің, туннельдердің, құдық камераларының және бекіткіш арматураларының, коллекторлар мен құбыржолдардың орналасу тәсімдері, құдықтарда жұмыс істеу қауіпсіздігі техникасы ережесі, желіні және имараттарды аралап тексеру журналын жүргізу ережесі.

Параграф 2. Су құбыры-кәріз желісін аралап тексеруші, 3-разряд

68. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 300 мм-ден 700 мм-ге дейінгі магистральды су құбырларын, коллекторларды және бекітпелі кәріздік, су құбырларын аралап тексеру;

желілерді, коллекторларды, су жүргізгіштерді, тегеурінді құбыржолдарды, эстакадаларды, және басқа да имараттарды техникалық байқау;
олардың техникалық хал-жайы туралы қорытынды беру;
аралап тексеру кестесін құрастыру.

69. Білуге тиіс:

су құбыры кәріздік желі, коллекторлардың және құбыржолдардың құрылғысы, бекітпелі құбыржолдарды және су жібергіштерді, вантуздарды, шиберлерді, қалқан бекітпелерді, өлшеу пункттерін сығымдау, жөндеу жұмыстарын жүргізу технологиясы мен ережесі.

Параграф 3. Су құбыры-кәріз желісін аралап тексеруші, 4-разряд

70. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 700 мм-ден асатын магистральды су құбырларын, коллекторларды және бекітпелі кәріздік, су құбырларын, сондай-ақ дюкерлерді аралап тексеру;

олардың техникалық хал-жайы туралы ескертпелер дайындау, актілерді, хаттамаларды және басқа да бұзушылықтарды, дұрыс емес немесе заңсыз пайдалану туралы құжаттарды ресімдеу.

71. Білуге тиіс:

қаланың су құбыры кәріздік желісі тәсімі;

қайта қосу камерасының орналасу орны;

техникалық пайдалану ережесі;

су құбырын, кәрізді пайдалану ережесі.

12. Озонаторшы

Параграф 1. Озонаторшы, 5-разряд

72. Жұмыс сипаттамасы:

аспаптардың көрсеткіштері бойынша суды озондаудың және озондау қазандығында разрядтың сипаты бойынша көзбен технологиялық процесті жүргізу;

кептіру құрылғысының толтырғышын регенерациялау;

берілген режимге сәйкес озондау станциясын іске қосу және реттеу;

суда және станцияның өндірістік орынжайындағы озон концентрациясын бақылау;

станциялардың жекелеген элементтеріндегі ақаулықтарды айқындау.

73. Білуге тиіс:

озондау станциясының технологиялық тәсімі;

озондау станциясы және қосалқы жабдықтарды энергиялық қоректендіру электр тәсімі;

станциялардың жұмыс принципі мен жекелеген элементтерінің, ауа үрлегіштердің, озондау қазандығы ауасын кептіру блогының, бекіткіш және

реттегіш аппаратурасының контактілік бассейнінің құрылымы, өлшеу аспаптарын пайдалану ережесі мен қауіпсіз жұмыс істеуі;
жоғары шиеленіс құрылғыларын пайдалану және қауіпсіздік жұмысы ережесі

13. Су бекіту имараттарының операторы

Параграф 1. Су бекіту имараттарының операторы, 1-разряд

74. Жұмыс сипаттамасы:

берілген ординарда су қоймасындағы су деңгейін өлшеу және бекіту құрылғысының көмегімен деңгейін реттеу;

бекіту құрылғыларының герметикалығын тексеру және плотиналар мен су қоймаларының жай-күйін қадағалау;

тығын болдырмау, жапырақтарды жинау; көл, арналар, құбыржолдар жүйесін санитарлық қорғау;

сүзгілеу торларын қоқыстан тазарту.

75. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін учаскедегі сумен жабдықтау тәсімі;

қызмет көрсетілетін су бекіту имараттарының қысқы және жазғы кезеңдегі қызметі мен жұмыс принципі.

Параграф 2. Су бекіту имараттарының операторы, 2-разряд

76. Жұмыс сипаттамасы:

қоректендіру арналары мен құбыржолдардың қорғау қалқандарына қызмет көрсету;

құбыржолдар мен резервуарлардағы су тегеуріні мен деңгейін өлшеу;

көтеру механизмдеріне қызмет көрсету және қалқандарды таямимен және электр тельфермен төмендету;

көтергіш айлабұйымдары мен бекіткіш арматураны профилактикалық байқау және майлау;

шлюзді жабдықтардың жұмысындағы ақауларды жою;

су режимін және бекіткіш құрылғылары жарамдылығын қадағалау;

қызмет көрсететін имараттардың жұмысын жүргізу;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды жөндеуге қатысу.

77. Білуге тиіс:

қоректендіру арналарының, бекіткіш құбыржолдардың, жеткізгіш арналар мен электр жабдықтарының жұмыс істеу режимдері, судың жіберілу тәсілдері мен өндірістік магистральдар;

қызмет көрсетілетін учаске арналары мен құбыржолдарының орналасу тәсімі;

бас имараттардың, су бұрғыштар мен шлюз жабдықтарының тәсімдері, электр техникасы мен гидравлика негіздері, шлюз механизмдерін басқару ережесі.

Параграф 3. Су бекіту имараттарының операторы, 3-разряд

78. Жұмыс сипаттамасы:
гидротехникалық имараттарға қызмет көрсету және су деңгейін қадағалау;
шлюздерді бетон және тас плитамен бекіту, құбыржолдарды монтаждау және
қалау, имараттарды жөндеудегі басқа жұмыстарды орындау;
шлюз аппаратының көтергіш механизмдерін басқару;
техникалық басшының көрсеткіші бойынша механизмдерді қайта қосу;
қысқы кезеңде торларды электр тогымен қыздыру.

79. Білуге тиіс:
гидроимараттардың орналасу тәсімі;
гидроимараттардың жұмысының берілген параметрлері, сүзгілеу торларын
тазалау тәсілдері, қызмет көрсетілетін ауданды сумен жабдықтау тәсімі,
механизмдер мен электр аппаратураны пайдалану ережесі;
жер, бетон, таспен жұмыс істеу технологиясы.

14. Су құбыры-кәріз шаруашылығында қашықтықтан басқару пультінің операторы

Параграф 1. Су құбыры-кәріз шаруашылығында қашықтықтан басқару пультінің операторы, 2-разряд

80. Жұмыс сипаттамасы:
анағұрлым жоғары білікті оператордың басшылығымен қашықтықтан басқару пультінен су құбыры-кәріз имараттарына қызмет көрсету;
берілген режимге сәйкес агрегаттардың жұмысын реттеу;
бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштерінің жазбасын жүргізу.

81. Білуге тиіс:
қызмет көрсетілетін имараттарды қолдану принципі;
шұғыл қайта қосу ережесі мен тәртібі.

Параграф 2. Су құбыры-кәріз шаруашылығында қашықтықтан басқару пультінің операторы, 3-разряд

82. Жұмыс сипаттамасы:
қашықтықтан басқару пультінен қуаттылығы тәулігіне 300 м³ мың су құбыры-кәріз имараттарына қызмет көрсету;

берілген режимге сәйкес агрегаттардың жұмысын реттеу;
бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштерінің жазбасын жүргізу.

83. Білуге тиіс:
қызмет көрсетілетін имараттарды қолдану принципі;
электр аппараттарды пайдалану ережесі, шұғыл қайта қосу ережесі мен тәртібі, электр техникасы жөніндегі негізгі мәліметтер.

Параграф 3. Су құбыры-кәріз шаруашылығында қашықтықтан басқару пультінің операторы, 4-разряд

84. Жұмыс сипаттамасы:

қашықтықтан автоматты басқару пультынан қуаттылығы тәулігіне 300 м³ мыңнан жоғары 500 мыңға дейінгі су құбыры-кәріз имараттарына қызмет көрсету;

белгі беру құрылғыларындағы: клеммалар, лампочкалар, контактілер және тағы басқа ұсақ ақаулықтарды жою.

85. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін технологиялық жабдықтар мен имараттардың құрылымы ;

бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштерін қолдану принципі мен мәні, имараттардың технологиялық тәсімі, шұғыл қайта қосудың кезектілігі мен ережесі;

жабдықтар мен имараттардың жұмыс режимі;

электр аппаратураны пайдалану ережесі.

Параграф 4. Су құбыры-кәріз шаруашылығында қашықтықтан басқару пультінің операторы, 5-разряд

86. Жұмыс сипаттамасы:

қашықтықтан автоматты басқару пультынан қуаттылығы тәулігіне 500 м³ мыңнан жоғары су құбыры-кәріз имараттарына қызмет көрсету;

жекелеген аспаптар мен құрылғылардың кемшіліктерін баптау және жою;

жоғары вольтты тарату құрылғыларындағы шұғыл қайта қосу өндірісі.

87. Білуге тиіс:

қашықтықтан автоматты басқару жүйесінің құрылымы, имарат жұмысын шұғыл реттеу ережесі мен тәртібі;

бақылау-өлшеу аспаптары жұмысының дұрыстығын тексеру тәсілдері.

15. Аэротенктегі оператор

Параграф 1. Аэротенктегі оператор, 2-разряд

88. Жұмыс сипаттамасы:

тәулігіне 50 мың м³-ға дейінгі өнімділікпен суды биологиялық тазалау имараттарына қызмет көрсету;

аэротенктердің берілген жұмыс режимін сақтау;

ауа арналары жүйесін басқару;

имараттардың, агрегаттардың, механизмдердің авариясыз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

ағымдағы және профилактикалық жөндеуге қатысу.

89. Білуге тиіс:

жеткізетін және тарататын коммуникациялар жүйесінің мөлшерлеу құрылғыларының қызметі мен қолдану принципі;

тұнбаны үрлеу және айдау жөніндегі жабдықтар мен имараттарды пайдалану ережесі.

Параграф 2. Аэротенктегі оператор, 3-разряд

90. Жұмыс сипаттамасы:

тәулігіне 50 мың м³-нан 200 мыңға дейінгі өнімділікпен суды биологиялық тазалау имараттарына қызмет көрсету;

аэротенк топтарын пайдалану және берілген жұмыс режимін сақтау;

аэротенктер бойынша белсенді тұнба сұйықтығын тарату;

тұнба арнасының, ауа өткізгіштердің, реттегіш механизмдердің жекелеген учаскелерін басқару;

аэротенктердің жұмысын бақылау-өлшеу аспаптары бойынша қадағалау;

ауаның және белсенді тұнбаның жіберілуін реттеу;

аэротенк топтары жұмысының технологиялық берілген режимін қамтамасыз ету;

суды биологиялық тазалау имараттарын ағымдағы және профилактикалық жөндеуге қатысу.

91. Білуге тиіс:

аэротенктер мен олардың коммуникациялары, қайталама тұндырғыштардың құрылымы, тазалау имараттары бойынша сұйықтық пен белсенді тұнбадан өту жолдары;

реттейтін механизмдердің, тұнба арналарының, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен қызметі;

жөндеу жұмыстарын жүргізу ережесі.

Параграф 3. Аэротенктегі оператор, 4-разряд

92. Жұмыс сипаттамасы:

тәулігіне 200 мың м³-нан асатын өнімділікпен суды биологиялық тазалау имараттарына қызмет көрсету;

имараттардың жұмысын үйлестіру және жекелеген имараттарға қызмет көрсететін біліктілігі төмендеу операторды басқару;

су тазалаудың технологиялық режимін бекіту;

барлық имараттар мен биологиялық тазалау механизмдерінің жұмыс журналын жүргізу.

93. Білуге тиіс:

ағын суды тазалау технологиялық процесі;

жер асты коммуникацияларының, құдықтардың, камералар, дюкерлердің тәсімдері;

бекітілген жерлерді тазалау тәсілдері.

16. Биосүзгідегі оператор

Параграф 1. Биосүзгідегі оператор, 2-разряд

94. Жұмыс сипаттамасы:

биосүзгі секцияларына қызмет көрсету және суды олардың бетіне теңдей таратылуын қадағалау;

тарату: спринклерлік және реактивтік суландыру құрылғыларын тазалау;

мөлшерлеу құрылғыларын баптау және зарядтау және сүзгілерді зарядтау кезеңін кезектестіру;

сүзгіге ауаның жіберілуін тексеру;

сүзгі бетіндегі қалқыған заттарды қажетіне қарай тазалау, сүзгілеу қабатын: домна шлагын, қиыршық тасты штықтау, имараттарды пайдалану журналын жүргізу.

95. Білуге тиіс:

биосүзгілердің қызметі мен қолдану принципі;

биосүзгідегі суды тазалау процесі;

сүзгілеу қабатына арналған қиыршық тас пен домна шлагы түйіршіктерінің шекті мөлшері;

сүзгілерді зарядтау кезеңдері;

имараттарды пайдалану журналын жүргізу ережесі.

17. Тұнба алаңындағы оператор

Параграф 1. Тұнба алаңындағы оператор, 1-разряд

96. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 50 мың м³ имараттарға қызмет көрсету;

алаңдағы тұнбаның таратылуын реттеу, біліктерді қадағалау;

алаңшалар мен таратқыш лотоктарды ұсақ жөндеу;

алаңшадағы жүктеменің біркелкі таралуын қадағалау, оларды кезектестіру және алаңшадағы қатқан қалдықтарды тазалау.

97. Білуге тиіс:

тұнба алаңының қызметі мен жұмыс принципі;

алаңдарды және тарату лотоктарын тазалауда қолданылатын айлабұйымдар мен аспаптар.

Параграф 2. Тұнба алаңындағы оператор, 2-разряд

98. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 200 мың м³ имараттарға қызмет көрсету;

тұнба алаңдарын немесе тұнба бөгендерін аралап тексеру; тұнбаның тұнба алаңы каскады бойынша біркелкі таралуын қадағалау және сүзгілеу қабатының түсуін реттеу. жеткізу арналарын және жер асты тарату арналарын тұнбадан тазарту және жазғы кезеңде алаңның жер асты біліктеріндегі арам шөпті тазарту; қысқы уақытта қатқан жерлерін жою;

алаңдағы берілген жүктемені сақтау;
коммуникацияларды профилактикалық жөндеу.

99. Білуге тиіс:

тұнба алаңдарын, тұнба бөгендерін табиғи жолмен кептіру имараттарының құрылымы мен қызметі;

ағын судың тұнбасын кептіру тәсілдері;

жөндеу жұмыстарын жүргізу ережесі.

Параграф 3. Тұнба алаңындағы оператор, 3-разряд

100. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 200 мыңнан астам м³ имараттарға қызмет көрсету;

төмендеу разрядты операторды басқару;

тұнбаны қайта айдау сорғы станциясының жұмысын қадағалау;

кептірілген тұнбаны механикалық тазалау және оны тасымалдау.

101. Білуге тиіс:

құбыржолдардың тәсімдері, оларды қайта қосу, тұнбаны тазалау мен оларды тасымалдау механизмдері.

18. Метантенктегі оператор

Параграф 1. Метантенктегі оператор, 2-разряд

102. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 100 мың м³-ге дейінгі агрегаттарға қызмет көрсету;

шикі тұнба және белсенді тұнбаны салу;

метантенктегі тұнбаның деңгейін және температурасын қадағалау және будың жіберілуін реттеу;

күмбез асты кеңістігіндегі және газ желісіндегі газдың тұрақты қысымын ұстап отыру;

анағұрлым жоғары білікті оператордың басшылығымен имараттар мен механизмдерді профилактикалық және ағымдағы жөндеу жұмыстарына қатысу.

103. Білуге тиіс:

метантенктердің қызметі мен жұмыс принципі, жеткізетін және тарататын коммуникациялардың тәсімі;

буды қысымын, тұнба деңгейі мен температурасын бақылау аспаптары мен температуралық режимі.

Параграф 2. Метантенктегі оператор, 3-разряд

104. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 100 мың м³-нан 200 мың м³-ге дейінгі агрегаттарға қызмет көрсету;

тұнбаны тарату, метантенктер тобындағы ашыған тұнбаны іріктеуді қамтамасыз ету;

араластырғыш құрылғылардың жұмысын бақылау: эжекторлар, механикалық араластырғыш, гидроэлеватор;

тұнбаны және белсенді тұнбаны түсіру, метантенктер жұмысының берілген режимін қолдау;

профилактикалық және ағымдағы жөндеу жұмыстарына қатысу.

105. Білуге тиіс:

барлық коммуникациядағы метантенктердің құрылымы, газ желісі мен арматураны пайдалану ережесі;

гидроэлеватор, механикалық араластырғыш және эжекторлардың құрылымы мен жұмыс принципі.

Параграф 3. Метантенктегі оператор, 4-разряд

106. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 200 мың м³-нан 500 мың м³-ге дейінгі агрегаттарға қызмет көрсету;

метантенк имараттары кешені: мөлшерлеу камерасы, газ тарату құрылғылары, сорғы станциялары мен шикі және ашыған тұнбаны айдайтын сорғы станцияларының, газ реттеу станцияларының жұмысын үйлестіру;

берілген технологиялық режимге басқару пультын орнату;

механизм кешенінің және технологиялық аспаптың жұмыс журналын жүргізу ;

механизмдер мен имараттардың профилактикалық және ағымдағы жөндеу жұмыстары.

107. Білуге тиіс:

жер асты коммуникациялары: құдықтар, камералар, дюкер, құбыржол тәсімдері; тығындарды жою тәсілдері;

ағын суды тұндыру принципі, газ желісінің, газ реттеу станциясы мен жабдықталған эксгаустер орынжайлардың, қорғау газ құрылғыларының, конденсат жинағыштардың орналасу ережесі;

электр техникасы, химия, микробиология негіздері.

Параграф 4. Метантенктегі оператор, 5-разряд

108. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 500 мың м³-нан асатын агрегаттарға қызмет көрсету; технологиялық режим белгілеу;

тұнбаларды айдайтын сорғы станцияларын қоса, түрлі механизмдер мен имарат агрегаттарын басқару;

механизмдер мен имараттарды профилактикалық және ағымдағы жөндеу жұмыстарында төмендеу разрядты операторды басқару.

109. Білуге тиіс:

қызмет көрсететін имарат жұмыстарының технологиялық процесі;

жөндеу жұмыстарын жүргізу ережесі мен технологиясы, технологиялық процесті қашықтықтан басқару принципі мен ережесі.

19. Тұндырғыштардағы оператор

Параграф 1. Тұндырғыштардағы оператор, 2-разряд

110. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 50 мың м³ агрегаттарға қызмет көрсету;

тұндырғыштардан тұнбаны шығару және оның сапасын қадағалау;

санитария және гигиена ережелеріне сәйкес имараттар мен механикалық жабдықтарды тазалықта ұстау;

ағын сұйықтықтың түсуіне қарай имараттың жұмыс істеу режимін өзгерту;

қызмет көрсетілетін имаратты ағымдағы және профилактикалық жөндеуге қатысу.

111. Білуге тиіс:

тазалау имараттары мен механикалық жабдықтардың қызметі мен қолдану принципі;

тұнба қырғыштардың, тұнба сорғылардың түрлі жүктемедегі жұмыс режимдері, механикалық жабдықтарды жөндеу және су жинау лотоктарын тазалау мерзімдері.

Параграф 2. Тұндырғыштардағы оператор, 3-разряд

112. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 50 мың м³-дан 200 мың м³-ға дейінгі агрегаттарға қызмет көрсету;

механизмдерді іске қосу және тоқтату;

тұндырғыштардағы тұнбаны түсіру және түсіру ұзақтығын реттеу. тұндырғыш жұмысының берілген режимін сақтау, олардан судың жіберілуін реттеу;

науаға алғаш тұндырғаннан кейін, белгіленген деңгейден көп тұнба жиналғанда жүзген қалдықтардың түсуін болдырмау;

құбыржолдардағы тығындарды алып тастау;

механикалық жабдықтарды ағымдағы жөндеу.

113. Білуге тиіс:

тұнба қырғыш және тұнба сорғыш механизмдердің құрылымы, олардың жұмыс істеу принципі;

тазалау имараттарының гидравликалық режимі мен олардың жұмыс принциптері, бақылау-өлшеу аспаптарының құрылымы мен пайдалану.

Параграф 3. Тұндырғыштардағы оператор, 4-разряд

114. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 200 мың м³-нан жоғары агрегаттарға қызмет көрсету;
имараттар мен механизмдерді профилактикалық жөндеу жұмыстары;
механикалық тазалау механизмдерінің, агрегаттар мен имараттардың жұмыс есебі;

автоматты басқару пультінің технологиялық режимін белгілеу.

115. Білуге тиіс:

жер асты коммуникацияларының: құдықтар, камералар, дюкерлер, қорғау құрылғыларының тәсімдері, өлшеу құрылғылары, тығын тазалау тәсілдері;

механизмдерді: тұндырғыштар, сорғылар мен гидроэлеваторларды баптау тәсілдері;

электр техникасы мен слесарлық іс негіздері.

Параграф 4. Тұндырғыштардағы оператор, 5-разряд

116. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 500 мың м³-нан жоғары агрегаттарға қызмет көрсету;
имараттардың жұмысын үйлестіру және төмендеу разрядты операторларды басқару;

механизмдерді, агрегаттар мен механикалық тазалау имараттарын күрделі жөндеу.

117. Білуге тиіс:

ағын суды механикалық тазалау технологиясы негіздері мен принциптері;
жөндеу жұмыстарын жүргізу ережесі мен технологиясы;
технологиялық процесті басқару пультінің жұмыс істеу тәсімі.

20. Құм тұтқыш және май тұтқыш операторы

Параграф 1. Құм тұтқыш және май тұтқыш операторы, 2-разряд

118. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 500 мың м³ құм тұтқыш және май тұтқышқа қызмет көрсету;

құмды жою механизмдерін іске қосу және тоқтату;

құмның мөлшерін қадағалау және құмды айдау ұзақтығын айқындау;

құм алаңшаларына құмның жіберілуін қадағалау және алаңшалардағы тазалайтын суды жою айлабұйымдарындағы тығынның тұруын реттеу;

түсірілетін құмды өлшеу; орта сынама алу;

құбыржолдар мен гидроэлеваторлардағы тығынды жою;

құм тұтқыштар мен май тұтқыштардың үздіксіз істеуін қамтамасыз ету;

құм тұтқыш пен май тұтқыштың жұмыс журналын жүргізу.

119. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін тазалау имараттарын, құбыржол коммуникациялары мен лотоктардың қызметі мен жұмыс принципі, құм тұтқыш және май тұтқыштарды ағымдағы және профилактикалық жөндеу ережесі.

Параграф 2. Құм тұтқыш және май тұтқыш операторы, 3-разряд

120. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 500 мың м³ құм тұтқыш және май тұтқышқа қызмет көрсету;

құм тұтқыш жұмысы, су, ауа жіберу, құм пульпасын айдау режимдерін белгілеу;

сорғы құрылғыларына: гидроэлеваторлары, жоғары тегеурінді сорғыларға қызмет көрсету және бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштеріне сәйкес жұмыс есебін жүргізу;

профилактикалық және ағымдағы жабдықтарды жөндеуді жүзеге асыру және төмендеу разрядты операторларды басқару.

121. Білуге тиіс:

түрлі құм тұтқыш, гидроэлеватор, сорғы, бақылау-өлшеу аспаптары, құбыржол коммуникациялары жүйелерінің құрылымы;

ағын суды тазалау технологиясы.

21. Тор операторы

Параграф 1. Тор операторы, 1-разряд

122. Жұмыс сипаттамасы:

тырма арқылы қолмен тордан қалдықтарды алып тастау;

уатқышқа қалдықтарды тасымалдау және оларды уату;

торды ағымдағы және профилактикалық жөндеуге қатысу.

123. Білуге тиіс:

жеткізу арнасы мен уатқыштағы тордың қызметі мен жұмыс принципі;

тор және уатқышты күтудің негізгі талаптары.

Параграф 2. Тор операторы, 2-разряд

124. Жұмыс сипаттамасы:

механикалық тырмаларға, торларға, электр қозғалтқыштарға, уатқыштар мен басқа да механизмдерге қызмет көрсету;

торды ағымдағы және профилактикалық жөндеуге қатысу.

125. Білуге тиіс:

механикалық тырмаларға, торларға, электр қозғалтқыштарға, уатқыштар мен басқа да механизмдер мен айлабұйымдардың құрылымы және жұмыс істеу принципі;

арналар мен құбыржолдар коммуникацияларының тәсімі.

Параграф 3. Тор операторы, 3-разряд

126. Жұмыс сипаттамасы:

автоматты құрылғы кешеніне қызмет көрсету;
төмендеу разрядты операторлардың жұмысын басқару;
қызмет көрсетілетін жабдықтың авариясыз және үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
тырмалау бөлімшесінен түскен қалдықтарды және уатуға келмейтін заттарды басқа операторлармен бірлесіп алып тастау;
профилактикалық және ағымдағы жөндеуді жүзеге асыру, жабдықтардың жарамдылығын жою.

127. Білуге тиіс:

автоматты құрылғының құрылымы мен жұмыс принципі;
жеткізу және тарату арналарының тәсімдері;
слесарлық іс негіздері.

22. Тазалау имараттарының операторы

Параграф 1. Тазалау имараттарының операторы, 1-разряд

128. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 5 мың м³ тазалау имараттары кешеніне қызмет көрсету;
тырма немесе арнайы тырмалағыштар арқылы тордағы қалдықтарды алып тастау;
алаңның дұрыс жүктелуін қадағалау;
алаңдар мен тарату лотоктарын ұсақ жөндеу;
анағұрлым жоғары білікті оператордың басшылығымен торды ағымдағы жөндеуге қатысу.

129. Білуге тиіс:

тұндыру алаңшасының, торлар мен тығын құрылғыларының қызметі мен қолдану принципі;
алаңшалар мен тарату лотоктарын тазалауда қолданылатын аспаптар мен айлабұйымдар;
торды күту жөніндегі негізгі талаптар.

Параграф 2. Тазалау имараттарының операторы, 2-разряд

130. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 5 мың м³-ға дейінгі тазалау имараттары кешеніне қызмет көрсету;
тұндырғыштардағы тұнбаны шығару;
ағын сұйықтығына қарай имараттың жұмыс режимін реттеу;
биосүзгі секциялары бетіндегі суды тарату;
тарату құрылғыларын тазалау;
мөлшерлеу құрылғыларын баптау және зарядтау және кезеңдерін ауыстыру;

сүзгіге ауаның жіберілуін қадағалау;
сүзгі беттеріндегі қалқыған қалдықтарды алып тастау;
сүзгілеу қабатты үшкірлеу;
алаңшалар мен тоғандарға қызмет көрсету;

тұнбаның тұнба алаңдарының каскадтары бойынша дұрыс таралуын қадағалау;

жеткізу арналарын, дренаждарды тұнбалардан және жазғы кездерде арам шөптен тазарту; қысқы уақытта қатқан қалдықтарды алып тастау;

шикі тұнба және белсенді тұнбаны салу;

метантенктердегі тұнба деңгейін және температураны қадағалау;

күмбез асты кеңістігіндегі және газ желісіндегі газ қысымын ұдайы ұстап отыру;

анағұрлым жоғары білікті оператордың басшылығымен имараттар мен механизмдерді профилактикалық және ағымдағы жөндеу.

131. Білуге тиіс:

тазалау имараттарының құрылымы, жұмыс режимдері;

арналар мен құбыржолдардың коммуникациялары;

жабдықтарды профилактикалық жөндеу және су жинау лотоктарын тазалау мерзімдері, мөлшерлеу құрылғыларының, жеткізу және тарату коммуникациялары жүйесінің, электр сорғылардың, тұнбаны үрлеу және айдау жабдықтарының құрылымы;

қолданылатын сүзгілеу қабаты фракциясын, биосүзгідегі суды тазалау процесі, сүзгілерді зарядтау кезеңін алмастыру, биосүзгідегі жұмыс журналын жүргізу;

ағын судың тұнбасын табиғи жолмен кептіру тәсілдері;

табиғи жолмен кептіру имараттарының құрылымы мен қызметі.

Параграф 3. Тазалау имараттарының операторы, 3-разряд

132. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 5 мың м³-нан жоғары тазалау имараттары кешеніне қызмет көрсету;

құмды шығару механизмдерін іске қосу және тоқтату, құм тұтқыштағы құмның мөлшерін қадағалау, өлшегіштерді жүргізу және сынама алу, құбыржолдар мен гидроэлеватор тығындарын алып тастау;

тұндырғыштағы тұнбаны жіберу, олардағы судың деңгейін өз бетінше реттеу;

берілген деңгейден асатын тұнбаның жиналуын болдырмау;

биосүзгі секцияларын пайдаланып өз бетінше жұмыс істеу;

ағын сұйықтығын тарату;

метантенктердегі тұнбаны тарату және газды сынау;

араластырғыш құрылғыларының жұмысын бақылау;
тұнбаны және белсенді тұнбаны түсіру, профилактикалық және ағымдағы жөндеу.

133. Білуге тиіс:

тазалау имараттарының гидравликалық режимдері;
метантенктердегі бу, тұнба деңгейін және температураны бақылау аспаптары;
газ желілерін пайдалану ережесі;
метантенктердің температуралық режимі;
сумен жабдықтар және тазалау имараттарының санитарлық аймақ тәсімдері.

23. Сүзгідегі оператор

Параграф 1. Сүзгідегі оператор, 1-разряд

134. Жұмыс сипаттамасы:

толтыру материалдарын шаю және сұрыптау;
торлардың, тазалау имараттарының, арналардың, камералардың, құдықтардың бетін тазалау, тазаланған заттарды алып тастау;
орынжайлардағы және тазалау имараттарында санитария және гигиена ережелерін сақтау.

135. Білуге тиіс:

тазалау имараттарының қызметі мен негізгі элементтері, судың қасиеті мен сапасы;

имараттарды санитарлық тазалау ережесі.

Параграф 2. Сүзгідегі оператор, 2-разряд

136. Жұмыс сипаттамасы:

тәулігіне өнімділігі 15 мың м³ сүзгілерге қызмет көрсету;
су құбыржолын тазалау имараттарын шаю және тазалау сапасын қадағалау;
кейіннен жұмысқа қоса отырып санитарлық өңдеу имаратын тоқтату;
сүзгілерді, контактілі жарықтандырғышты технологиялық шаю.

137. Білуге тиіс:

тазалау имараттары мен оларды біріктіретін коммуникациялардың құрылымы , тазалау имараттарын техникалық пайдалану ережесі.

Параграф 3. Сүзгідегі оператор, 3-разряд

138. Жұмыс сипаттамасы:

тәулігіне өнімділігі 15 мыңнан 60 мың м³-ге дейінгі сүзгілерге қызмет көрсету;

тұндырғыштардағы қалдықтарды және ағартқыштардағы тұнбаларды босатпай алып тастау;

профилактикалық және авариялық жөндеу имараттары тобының жұмысын тоқтату;

тазалау имараттарының технологиялық және қосалқы жабдықтарының жұмысын қадағалау, берілген режимнен ауытқуын анықтау.

139. Білуге тиіс:

технологиялық және қосалқы жабдық құрылымдары мен жұмыстары;
имараттардағы суды өңдеу режимдері, тазалау имараттарының жұмысын есептеу жүйесі мен белгіленген құжаттаманы жүргізу ережесі.

Параграф 4. Сүзгідегі оператор, 4-разряд

140. Жұмыс сипаттамасы:

тәулігіне өнімділігі 60 м³ мыңнан асатын сүзгілерге қызмет көрсету;
берілген режим бойынша технологиялық және қосалқы жабдықтардың жұмысын реттеу және есептеу;
тазалау имараттарының жұмысын автоматты түрде реттеу;
суды шаю сапасын мемлекеттік стандартқа сәйкес қамтамасыз ету;
имараттарды технологиялық және санитарлық өңдеу сапасын, профилактикалық және авариялық жөндеу сапасын бақылау.

141. Білуге тиіс:

технологиялық және қосалқы жабдықтар мен автоматты реттеу құралдарының құрылымдық ерекшеліктері, тазалау имараттары мен технологиялық жабдықтардың жұмысын автоматты реттеу ережесі мен әдістері.

24. Эмшер операторы

Параграф 1. Эмшер операторы, 2-разряд

142. Жұмыс сипаттамасы:

екі сатылы тұндырғыштарға (эмшерлерге) қызмет көрсету;
эмшерге сұйықтық жіберу және оны шығару;
"Піскен" тұнбаны шығару;
тұнбаларды ашыту барысын қадағалау;
науалар мен саңылауларды ірі қалдықтардан ұдайы тазартып отыру;
жинақтау науаларындағы сұйықтықты ағарту деңгейін бақылау;
қабығын алып тастау;
ашытудың берілген режимінен ауытқуын анықтау және оларды жою;
тұнбаны өлшеу және сынама алу;
имаратты жөндеуге қатысу.

143. Білуге тиіс:

тазалау имаратының құрылымы мен ағын сұйықтығын тазалау технологиясы;
имарат механизмдерінің құрылымы мен профилактикалық жөндеу мерзімдері

25. Суландыру және сүзгілеу алаңы операторы

Параграф 1. Суландыру және сүзгілеу алаңы операторы, 1-разряд

144. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 30 мың м³-ге дейінгі суландыру және сүзгілеу алаңдары учаскелеріне қызмет көрсету және аралап тексеру;
учаске аумағындағы ағын сұйықтығын біркелкі тарату;
жеткізу арналарын, дренаж және жер асты тарату арналарын тұнба қабаттан және шөптен тазарту, суландырылатын учаскелердің берілген жүктемесін сақтау;
имараттарды профилактикалық және ағымдағы жөндеу;
техникалық имараттардың жарамдылығын қадағалау.

145. Білуге тиіс:

суландыру және сүзгілеу алаңдары имараттарының қызметі мен қолдану принциптері;

суды тазалау тәсілдері.

Параграф 2. Суландыру және сүзгілеу алаңы операторы, 2-разряд

146. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 30 мың м³-нан асатын суландыру және сүзгілеу алаңдары учаскелеріне қызмет көрсету және аралап тексеру;

агрономның тапсырмасы бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары егілген алаңдарға қызмет көрсету;

суландырылатын учаскелер мен имараттардың жағдайын қадағалау;

алаңдарды қысқы және жазғы суғаруға уақытылы дайындау.

147. Білуге тиіс:

суландыру және сүзгілеу алаңдары имараттарының құрылымы;

суғару алаңдарының орналасуы мен суландыру жүйесін тарату;

агротехника және биохимия негіздері.

26. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы

Параграф 1. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы, 1-разряд

148. Жұмыс сипаттамасы:

тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардағы лифтілердің жұмысымен екі жақты келісу арқылы бақылау;

лифтілерді авариялық тоқтауы туралы ақпаратты жинау;

жарамсыз лифтілерді тоқтату;

үй қабаттарының арасында тоқтап қалған лифті кабиналарындағы жолаушыларды шығару;

келісу байланысындағы жарамсыздықтарды жою;

авариялық қызметке және жоғары тұрған ұйымға авариялық тоқтаулар туралы деректер жіберу, журналды жүргізу.

149. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін лифтілерді құрылымы және қызметі туралы қарапайым мәліметтер;

орт қауіпсіздігі талаптары, лифті кабинасында және тоқтау алаңдарында орналасқан екі жақты келіссөз байланысының, басқару аппараттарының қызметі; лифтіні пайдалану ережесі.

Параграф 2. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы, 2-разряд

150. Жұмыс сипаттамасы:

тұрғын үй және қоғамдық ғимарат лифтілерінің жұмысын пультпен үш белгілі автоматты бақылауды жүзеге асыру;

пульттағы және белгі беру және келіссөз байланысы жүйесіндегі ұсақ авариялық тоқтауларды болдырмау;

лифтіні тексеру;

шахта, кабина және жер асты контактілерінің есігіндегі құлыптар мен қауіпсіздік контактілерінің жарамдылығын тексеру.

151. Білуге тиіс:

белгі беру және екі жақты келісу құрылғыларының тәсімдері;

лифтінің қорғау құрылғыларының қызметі мен орналасуы;

шахта, кабина және жер асты контактілері есігіндегі қауіпсіздік контактілерінің құрылымы мен реттеу;

шахта және кабиналарды қоршау талаптары.

Параграф 3. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы, 3-разряд

152. Жұмыс сипаттамасы:

ақауларды автоматты іздеуді қоса отырып лифтілердің жұмысын пультпен автоматты көп белгілі бақылауды басқару және жүзеге асыру;

белгі беру жүйесіндегі және лифтілерді диспетчерлік басқару пультында келіссөз байланысындағы ақаулықтарды жою;

техникалық қызмет көрсету, жөндеу.

153. Білуге тиіс:

пульттің құрамдас бөліктерінің, байланыс желілерінің құрылымы, лифтілердегі ақаулықтарды автоматты іздеу тәсімдері;

контактілі және контактісіз датчиктерді реттеу және жөндеу ережесі мен тәсілдері;

электр техникасы негіздері мен электронды микроэлементтердің қолдану принципі.

Параграф 4. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы, 4-разряд

154. Жұмыс сипаттамасы:

анағұрлым жоғары білікті оператордың басшылығымен тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың, лифтілер мен басқа да инженерлік жабдықтардың, жылумен жабдықтау, сумен жабдықтау жұмысын диспетчерлік пультты автоматты бақылауды басқару және жүзеге асыру;

көрсеткіштері дұрыс болмаған жағдайда жекелеген жүйелердің жұмысы туралы белгілерді диспетчерлік пульттан шығару;

пульт және датчик арасындағы сымды байланыс және пультты жөндеу және техникалық қызмет көрсету.

155. Білуге тиіс:

диспетчерлік пульт құрылымы мен принципиялы тәсімі, инженерлік жабдықтардың жұмысын автоматты бақылау датчигінің құрылымы мен оларды реттеу және ауыстыру тәртібі;

пәтерлер мен кіреберістер арасындағы байланыс құрылғылары, датчиктер, түрлі белгі беру арасындағы байланысқа қойылатын техникалық талаптар.

Параграф 5. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы, 5-разряд

156. Жұмыс сипаттамасы:

қаладағы тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың, лифтілер мен басқа да инженерлік жабдықтардың жұмысын диспетчерлік пультты автоматты бақылауды басқару және жүзеге асыру;

желідегі судың қысымы, температурасы, лифтінің және басқа да инженерлік жабдықтардың жағдайы туралы ақпарат жинау;

жарамсыз жабдықтарды тоқтату;

инженерлік жүйелер мен телебелгі беру және телебасқару жабдықтарының, су құбырларының, кәріздің, жылумен жабдықтау және лифтілердің берілген режиміне сәйкес техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу, реттеуді ұйымдастыру және қатысу;

инженерлік жүйе, жабдықтардың техникалық жағдайы мен жүргізілген жұмыс туралы деректер журналын жүргізу және жоғары тұрған ұйымға жіберу.

157. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін инженерлік жүйе және жабдықтар кешенінің құрылымы;

жүйе және жабдықтарды реттеу, техникалық қызмет көрсету, ағымдағы жөндеу ережесі мен тәсілдері, лифтілердің, жарықтандыру, сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, электрмен жабдықтау, жылумен жабдықтау, кәріз жұмысындағы ақаулықтарды себептері мен сыртқы желі тәсімдері және оларды жою ережесі, журналдарды ресімдеу және бастапқы құжаттарды ресімдеу ережесі;

жылу тұтынушыларының жұмыс режимі кестесі, түсетін ақпаратты есептеу және өңдеу тәртібі, жылу техникасы мен электр техникасы негіздері.

Параграф 6. Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы, 6-разряд

158. Жұмыс сипаттамасы:

қаладағы тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардың, лифтілер мен басқа да инженерлік жабдықтардың жұмысын диспетчерлік және бақылау пункттері аппаратураларын жөндеп және баптай отырып диспетчерлік пультты автоматты бақылауды басқару және жүзеге асыру;

инженерлік жүйе және телебелгі беру жабдықтарының, телебасқару және өртке қарсы автоматика электронды құрылғылардың берілген режимге сәйкес техникалық қызмет көрсетуді, ағымдағы жөндеу, реттеуді ұйымдастыру және қатысу;

пәтерлердегі инженерлік жабдықтарды, лифтілерді, қоқыс шығару құрылғыларын дұрыс пайдалану туралы тұрғындармен профилактикалық жұмыс жүргізу.

159. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін инженерлік жүйе және жабдықтар кешенінің кинематикалық, электрлік және мнемоникалық тәсімдері;

авариялық жағдайлардағы ақаулықтарды анықтау және жою тәсілдері; электроника негіздері.

27. Тұнбаны тазалау имараттарының операторы

Параграф 1. Тұнбаны тазалау имараттарының операторы, 1-разряд

160. Жұмыс сипаттамасы:

резервуарлардағы брандспойтпен тұнбаны шаю және алып тастау;

су құбырлары жылжымаларын, қалқандарды, гидротығындарды және басқа да бекіту құрылғыларын жөндеудегі қосалқы жұмыстарды орындау.

161. Білуге тиіс:

тұндырғыштардағы қалдықтарды тұндыру алаңдарына дейін шығарып тастау тәсімі;

брандспойтті пайдалану ережесі.

Параграф 2. Тұнбаны тазалау имараттарының операторы, 2-разряд

162. Жұмыс сипаттамасы:

тұнба және шайма суды айдау сорғыларына қызмет көрсету;

тұндырғыштардың жұмысын тоқтату;

жылжымаларды, қалқандар мен басқа да жабдықтарды жөндеудегі қарапайым слесарлық жұмыстарды орындау.

163. Білуге тиіс:

су науаларының тәсімі, көлденең тұндырғыштардың, ағартылған су, тұнба резервуарларының, сорғы құрылғыларының құрылымы, сүзгілердің құрылымы; өртке қарсы, шаруашылық құбырларының тәсімдері.

28. Тұнбаны сусыздандыру құрылғысының операторы

Параграф 1. Тұнбаны сусыздандыру құрылғысының операторы, 2-разряд

164. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 200 мың м³ тұнбаны сусыздандыру құрылғысына қызмет көрсету;

бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштері бойынша сүзгілерді шаюға арналған тігінен, түрілген, сорғы жабдықтарын қадағалау;

сүзгілеу матасын ауыстыру және жөндеу;

сүзгілерді айдау вакуум сорғыларына қызмет көрсету, олардың жұмысының технологиялық режимін қамтамасыз ету;

сусыздандырылған тұнбаны тасымалдау механизміне қызмет көрсету;

механизмдердің ағымдағы және профилактикалық жөндеуіне қатысу.

165. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін механизмдер мен имараттардың құрылымы;

шикізат және реагенттердің сипаттамасын, тұнбаны сусыздандыру технологиясы;

механизмдердің жұмыс режимдері.

Параграф 3. Тұнбаны сусыздандыру құрылғысының операторы, 3-разряд

166. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 200 мыңнан 500 мың м³-ге дейінгі тұнбаны сусыздандыру құрылғысына қызмет көрсету;

бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштері бойынша вакуум сүзгілердің, ауа жіберу жүйесінің, тұнба таратқыштардың, вакуум желілердің, химиялық реагенттердің құбырларын, сүзгілерді ресиверлерді шаю сорғы жабдықтарын қадағалау;

ингибирленген тұз қышқылы ерітіндісін әзірлеу және вакуум сүзгілерді шаю; сорғы құрылғыларына қызмет көрсету;

реагент мөлшерін есептей отырып вакуум сүзгілерге түсетін шикізаттың ылғалдығын айқындау;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды ағымдағы және орташа жөндеу.

167. Білуге тиіс:

вакуум сүзгілердің құрылымы мен олардың жұмыс принциптері, реагент мөлшерін және олардың концентрациясын айқындау тәсілдері;

химиялық реагенттердің молекулярлық салмағы;

реагенттерді сақтау және ұстау ережесі.

Параграф 4. Тұнбаны сусыздандыру құрылғысының операторы, 4-разряд

168. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 500 мыңнан м³ асатын тұнбаны сусыздандыру құрылғысына қызмет көрсету;

барлық коммуникацияларды, механизмдерді және агрегаттарды: сорғы, тұндырғыш, мөлшерлегіштердің жұмысын қадағалау;

имараттардың жұмысын үйлестіру және төмендеу разрядты операторды басқару;

имараттар мен механизмдерді ағымдағы, профилактикалық жөндеу;

тұнбаны сусыздандыру механизмдерінің, агрегаттары мен имараттарының жұмыс журналын жүргізу;

басқару пульты операторының технологиялық режимін белгілеу.

169. Білуге тиіс:

тұнбаны механикалық түрде сусыздандыру жабдығының құрылымы;

тұнбаны және белсенді тұнбасын механикалық сусыздандыру принциптері, аралас тазалау имараттарының, жер асты коммуникацияларының, құдықтардың, камералардың, дюкерлердің технология негіздері мен тұндыру технологиялық процесінің тәсімі, тығындарды жою тәсілдері, электр техника, химия, микробиология және слесарлық іс негіздері;

технологиялық процесті басқару пультымен жұмыс істеу тәсімі.

Параграф 5. Тұнбаны сусыздандыру құрылғысының операторы, 5-разряд

170. Жұмыс сипаттамасы:

қуаттылығы тәулігіне 1 млн-нан м³ асатын тұнбаны сусыздандыру құрылғысына қызмет көрсету;

қызмет көрсетілетін жабдықтың жұмысын үйлестіру және төмендеу разрядты операторларды басқару;

жабдық жұмыстарының оңтайлы режимін таңдау;

ақаулықтарды анықтау және жою;

қызмет көрсетілетін жабдықтарды жөндеуге қатысу.

171. Білуге тиіс:

қызмет көрсетілетін жабдықтардың, белгі беру және қорғау құрылғылары мен агрегаттардың техникалық сипаттамасы, құрылымы мен жұмысы;

тұнбаны сусыздандыру технологиялық процесінің тәсімі, арнайы химиялық заттардың қасиеті.

29. Тұнбаны кептіру құрылғысының операторы

Параграф 1. Тұнбаны кептіру құрылғысының операторы, 2-разряд

172. Жұмыс сипаттамасы:

анағұрлым жоғары білікті оператордың басшылығымен тұнбаны механикалық түрде кептіру құрылғысына қызмет көрсету;

кептіру құрылғыларына біркелкі және уақытылы тұнбаның жіберілуін қадағалау;

құрғақ тұнбаны іріктеу және кептіру құрылғыларының жұмыс режимін, кептірілген тұнбаны тасымалдау жұмыс режимін өзгерту;

механизмдерді жөндеуге қатысу.

173. Білуге тиіс:

барлық қызмет көрсетілетін механизмдердің қызметі мен жұмыс принципі;

кептіруге түсетін шикізаттың сипаттамасы мен кептіру технологиясына ылғалдың әсері;

механизмдерді профилактикалық жөндеу мерзімдері.

Параграф 2. Тұнбаны кептіру құрылғысының операторы, 3-разряд

174. Жұмыс сипаттамасы:

тұнбаны механикалық түрде кептіру құрылғысына қызмет көрсету;

механизмдерді профилактикалық жөндеуге қатысу.

175. Білуге тиіс:

барлық қызмет көрсетілетін механизмдердің қызметі мен жұмыс принципі;

механизмдерді профилактикалық жөндеу тәртібі.

Параграф 3. Тұнбаны кептіру құрылғысының операторы, 4-разряд

176. Жұмыс сипаттамасы:

вакуум сүзгілердегі тұнбаны термиялық түрде кептіру құрылғысына қызмет көрсету;

газ, ауа, кэктің жіберілуін реттеу арқылы құрылғы жұмыстарының берілген режимін ұстап отыру, бақылау-өлшеу аспаптары бойынша ылғалдықты және кептіру температурасын қадағалау;

механизмдерді ағымдағы жөндеу.

177. Білуге тиіс:

тұнбаны термиялық кептіру технологиясы, имараттар мен жер асты коммуникацияларының тәсімдері;

жылу техникасы, электр техникасы, химия және слесарлық іс негіздері.

Параграф 4. Тұнбаны кептіру құрылғысының операторы, 5-разряд

178. Жұмыс сипаттамасы:

барабанды кептіру пештерінде термиялық кептіру құрылғысына қызмет көрсету;

тұнбаны кептірудің технологиялық режимдерін бекіту;

тұнбаны механикалық түрде сусыздандыру және термиялық кептіру бөлімшелерінің имараттары мен машиналары кешенінің жұмысын үйлестіру;

жағу, агрегаттар мен термиялық кептіру механизмдерінің жұмыс журналын жүргізу;

механизмдер мен жабдықтардың жұмысындағы ақаулықтарды айқындау және жою.

179. Білуге тиіс:

барабанды кептіру пештерінде тұнбаны термиялық кептіру технологиясы; бақылау-өлшеу аспаптары мен автоматика тәсімдері мен жұмыс принциптері.

30. Хлоратор құрылғысының операторы

Параграф 1. Хлоратор құрылғысының операторы, 2-разряд

180. Жұмыс сипаттамасы:

бұлаулардағы зертхана рецептілері бойынша хлорлы әк және кальций гипохлорид ерітіндісін әзірлеу;

бос баллондардың жарамдылығын, яғни баллондардағы хлор, аммиак, күкірт газын толықтай пайдаланылуын, жарамды баллондардың ішіндегісін қадағалау (қақпағын кигізу, гайкасын бұрау);

баллондарды ағымдағы жөндеу: сальник орау, хлор, аммиак, күкірт газын жіберетін резина шлангілерін және түтіктерін ауыстыру;

баллондарды бекітілген тәртіпте сақтау, хлораторлы орынжайлардағы тұрақты температураны ұстау;

баллондарды қоймадан хлораторға дейін және кейін тасымалдау.

181. Білуге тиіс:

хлор, аммиак және күкірт газының қасиеті, ерітінді рецептурасы;

баллон құрылымдары;

газы бар және бос баллондарды тасымалдау және сақтау ережесі;

баллондар мен резина шлангілерді ағымдағы жөндеу ережесі, хлорды ұстау қауіпсіздік ережесі;

қорғау құралдары;

баллондардан хлордың және газдың шығуын болдырмау тәсілдері, газбен уланғанда жедел көмек көрсету тәсілдері.

Параграф 2. Хлоратор құрылғысының операторы, 3-разряд

182. Жұмыс сипаттамасы:

хлораторлы, аммиакты, фтораторлы ерітінділер жасау жөніндегі механикалық құрылғыларға және күкірт газы құрылғысына қызмет көрсету;

зертхана белгілеген хлордың, аммиактың, күкірт газының, фтордың мөлшерін ұстап отыру;

хлор, аммиак, күкірт газы, фтордың тұрақты шығымын бақылау, оларды аппараттар бойынша бөлу, аппараттарды қайта қосу;

жабдықтардың, механизмдердің жұмысын қадағалау;

қалған хлор, фторды және хлорлы әк, кальций гипохлориді ерітіндісі төзімділігін айқындау;

хлор әгі немесе кальций гипохлориді ерітіндісімен суды зарарсыздандыру;

хлораторлы, фтораторлы, аммиакты құрылғылар мен күкірт газы құрылғысының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

түрлі үлгідегі механикалық араластырғышқа қызмет көрсету;

баллондарды ауыстыру, жабдықтар мен құрылғыларды ағымдағы жөндеу жұмысына қатысу;

баллондардан, бөшкелерден және аппаратуралардан авариялық жағдайларда газдың шығуын болдырмау;

жабдықтардың, бекіту арматураларының, фтор өткізгіштердің слесарлық жұмыстарын жүргізу.

183. Білуге тиіс:

ерітінді жасау, суды хлорлау жабдықтары мен механизмдерінің құрылымы;

газдың шығуын болдырмау тәсілдері мен реагент ерітіндісі концентрациясын айқындау, желдеткіш жүйесі, көтергіш көлік механизмдерінің құрылымы, химия негіздері, хлор, аммиак, күкірт газы, фтористі және кремний фтористі натрийдің қасиеті;

слесарлық іс негіздері.

Параграф 3. Хлоратор құрылғысының операторы, 4-разряд

184. Жұмыс сипаттамасы:

мөлшерлеудің автоматты жүйесіне қызмет көрсету, диаграммаларды ауыстыру, автоматты түрден қолмен басқаруға қайта қосу;

хлорды, фторды пайдалану және сақтаумен байланысты жұмыстарды орындау;

орынжайдың газдануын аспаптардың көмегімен айқындау;

оттекті оқшаулау аспаптарын пайдалану;

полиэтилен құбырларды, полиэтиленнен жасалған бекіту арматурасын пісіру;

фтораторлы құрылғы жабдықтары мен механизмдерінің жұмыс технологиялық процесін үйлестіру;

газсыздандыру құрылғысына қызмет көрсету. Авариялық жағдайларда хлордың шығуын болдырмау;

көтергіш көлік механизмдерін пайдалана отырып ыдыстарды жылжыту;

құрылғыларды жөндеу.

185. Білуге тиіс:

хлорлау, аммонизациялау автоматты құрылғысы және күкірт газы құрылғысы, көтергіш көлік механизмдерінің құрылымы;

жабдықтар мен механизмдерді жөндеудің барлық түрін айқындау және өндіру;

хлордың және газдың шығуын болдырмау тәсілдері, автоматика телебасқару аспаптары мен тіркейтін аспаптардың қызметі мен жұмыс принципі.

31. Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары

Параграф 1. Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары, 2-разряд

186. Жұмыс сипаттамасы:

анағұрлым жоғары білікті слесардың басшылығымен су құбыры желісін жөндеу жөніндегі жұмыстарды орындау, кәріз желілеріндегі тығындарды тазалау, арналарды және котловандарды қазу және оларды бекіту, жапсарларын тығындау, қорғасын құю және кесу, құбыр келте құбырларына цемент құю;

қарапайым слесарлық жөндеу жұмыстарын орындау;

құбырлар мен үлгілік бөлшектерді жеткізу және қалау;

қолмен су құятын механизмдері мен пневматикалық құралдардың жұмысы.

187. Білуге тиіс:

су құятын механизмдер мен пневматикалық құралдардың құрылымы;

механизмдер мен пневматикалық жабдықтардың жұмысындағы ақаулықтарды жою тәсілдері;

аспаптар мен айлабұйымдарды профилактикалық жөндеу кезеңділігі мен ережесі.

Параграф 2. Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары, 3-разряд

188. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 300 мм-ге дейінгі келте құбырларға қорғасын немесе күкірт балқымасын құю, су құбырларын жөндеу жұмыстарын орындау;

су тарату колонкалары мен өртке қарсы гидранттардың жарамдылығын айқындау;

өлшегіш құбыржолдарды түрлі тәсілдермен қыздыру;

шағын диаметрлі желілердің кірмелерін эскиздер мен тәсімдер бойынша қосу және тоқтату;

шағын диаметрдегі желілерді гидравликалық сынау;

барлық диаметрдегі құбырларды роликпен, құбыржолдармен кесу;

анағұрлым жоғары білікті слесардың басшылығымен құбырларға қорғасын және түрлі ерітінді алмастырғыштарды құйып, тығындау;

кәріз желісін гидравликалық әдіспен тазалау, құбырлардағы тығындарды 7-8 м-ге дейін икемді білікпен тазалау;

қажетті салмақтағы үрлеме доптарды, дискілерді және жүк көтергіштігі 0,5 т-ға дейінгі шығырларды дайындау;

ағын суда жұмыс істеу үшін темір арқанның жарамдылығын тексеру;

төмен жатқан құдықтағы тұнбаны алу;

металл шпунтты қолмен орнатып, қағып, алып немесе суды төмендететін құрылғыларды пайдалана отырып, механикалық тәсілмен жер асты жұмыстарын орындау;

пластмасса құбыржолдарды келте құбырларда резина сақиналарды біріктіре отырып монтаждау.

189. Білуге тиіс:

жылжытпалардың, гидрант, су тарату колонкаларының, құбыржолдардың, қол гидравликалық сығымдағыштары мен манометрлерінің құрылымы мен жұмыс принципі, келте құбырларды қорғасынмен және қорғасын алмастырғыштармен толтыру ережесі мен тәсілдері, құдықтарда газдың болуын айқындау тәсілдері;

гидравликалық сынау әдістемесі; құбыржолдардың, арматуралардың зақымдануын жою тәсілдері, сондай-ақ судың ағып етуін болдырмау тәсілдері;

құбыржолдарды хлормен хлорлау әдістері, қарапайым сызбаларды, тәсімдер мен эскиздерді оқу;

аспаптар мен айлабұйымдарды профилактикалық жөндеу ережесі.

Параграф 3. Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары, 4-разряд

190. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 300 мм-ден 900 мм-ге дейінгі келте құбырларға қорғасын немесе күкірт балқымасын құю, су құбырларын жөндеу жұмыстарын орындау;

қолданыстағы желілер мен магистральдардағы үлгілік бөліктер мен арматураны орнату және алмастыру;

желілер мен магистральдардағы ақаулықтардың сипатын айқындау;

құбыржолдардың жекелеген учаскелерін ажырату, олардың ауасын шығарып, кіргізіп тұратын қондырғыны орната отырып босату және толтыру;

құбыржолдарды шаю;

құбыр желілері мен магистральдардағы жылжытпалардың жұмысын реттеу, манометр бойынша қысым көрсеткіштерін алу;

құбыржолдардағы қысымды кесу;

кәріз желісін гидравликалық әдіспен тазалау, құбырлардағы тығындарды 12 м-ге дейін икемді білікпен тазалау;

тығындарды икемді білікпен, су тегеурінімен жуып және жылжымалы автосорғы арқылы қайталама гидравликалық қысым әдісімен тазалау;

қажетті салмақтағы үрleme доптарды, дискілерді және жүк көтергіштігі 1 т-ға дейінгі шығырларды дайындау;

анағұрлым жоғары білікті слесардың басшылығымен кәріз желісін жөндеу;

тазалауда қолданылатын жабдықтар мен механизмдерді профилактикалық жөндеу;

пластмасса құбыржолдарды пісіру.

191. Білуге тиіс:

учаскені сумен жабдықтау тәсімі;

күрделі сызбалар мен эскиздерді оқу ережесі, натурадан тәсімдер, эскиздер құрастыру, келте құбырларды қолмен тығындау және пневматикалық құралдарды пайдалану тәсілдері;

қысыммен кесу аппаратының құрылымы, өлшеу құбырларын ажырату ережесі мен тәсілдері және оларды қыздыру;

жұмыс жүргізілетін аудандардағы кәріз желісінің орналасу тәсімі;

кәріз желілері мен коллекторларды гидравликалық тәсілмен тазалау технологиясы және тығындарды икемді білікпен алып тастау;

кәріз құбыржолдары мен имараттарын жөндеу және тазалауда қолданылатын негізгі жабдықтар мен механизмдер, құрғақ топырақтардағы жер асты жұмыстарын орындау ережесі.

Параграф 4. Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары, 5-разряд

192. Жұмыс сипаттамасы:

диаметрі 900 мм-ден асатын келте құбырларға қорғасын немесе күкірт балқымасын құю, су құбырларын жөндеу жұмыстарын орындау;

қолданыстағы құбырларға ірі седелкаларды дайындап, қырналап барлық диаметрдегі құбырлардың қысымын біріктіру;

магистральдар мен желілерді хлорлы әкпен, сұйық немесе газ тәрізді хлормен қала жағдайында хлорлау, хлорлаған суды ағызып тастау;

желіні ажыратпай тегеурінмен сальникті компенсаторларды авариялық жөндеу немесе құю;

магистральдар мен су құбырларындағы үлкен жылжымаларды автожетекпен, пневможетекпен және электр жетекпен ашу және жабу;

механикалық жетектерді орнату, реттеу және жөндеу;

кәріз желісін, дюкерлерді, арналар мен дөңгелек, сопақтау, шатрлық қималы коллекторларды гидравликалық әдіспен тазалау, құбырлардағы тығындарды 12 м-ге дейін икемді білікпен тазалау;

қажетті салмақтағы үрleme доптарды, дискілерді және жүк көтергіштігі 2 т-ға дейінгі шығырларды дайындау;

түрлі шар тәрізді және ерш зәкірлі штангілердің көмегімен кәріз желісі мен коллекторларды жою;

суды төмендету құралдарын және жылжымалы крандарды пайдалана отырып қолданыстағы кәріз желісін жөндеу;

пластмасса құбыржолдарды желімдеу және құрастыру.

193. Білуге тиіс:

қысымдағы аппаратураның құрылымы мен жұмыс принципі;

учаске желісінің жұмыс режимі;

қала жағдайында құбырларды хлорлау ережесі мен тәсілдері, құбыржолдарды хлорлағаннан кейін суды ағызудың қауіпсіз тәсілдері;

дюкерлердің құрылымы мен жұмыс ерекшеліктері, түрлі диаметрдегі құбыржолдардағы сальникті компенсаторлардың құрылымы, құбыржолдарды шаю тәсілдері, үлкен жылжымаларды ашу және жабуда қолданылатын механикалық, гидравликалық және электр жетектердің құрылымы мен жұмыс принципі, қолданылатын жетектердегі ақаулықтарды жою тәсілдері, барлық кәріз желінің, авариялық шығарылымның орналасу тәсімі; кәріз желісі, дюкер, коллекторлар мен арналарды гидравликалық әдіспен тазалау технологиясы;

сулы топырақтағы жер асты жұмыстарын өндіру ережесі, газдануды болдырмау әдістері, механизмдер мен жабдықтарды жөндеу жүргізу мерзімдері.

Параграф 5. Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары, 6-разряд
194. Жұмыс сипаттамасы:

қолданыстағы су құбыры кәріз желілерінде ерекше күрделі авариялық қалпына келтіру жұмыстарын орындау;

құбырларды, су құбырларын, кәріз желілерін, бекіту арматурасын және диаметрі 1200 мм-ден асатын жылжымаларға қызмет көрсету, реттеу және жөндеу;

магистральды құбыржолдарды іске қосу және ажырату;

негізгі коллекторлар мен арналардағы қайта қосуларды орындау желілер мен құбыржолдардың жағдайын диагностикалық аспаптармен айқындау;

кәріз желілеріндегі тығындарды тазалауда арна тазалайтын машиналарды басқару;

аварияларды жою, күрделі жабдықтарды баптау және іске қосу жұмыстарын басқару.

195. Білуге тиіс:

үлкен диаметрдегі су құбыры кәріз желілеріндегі авариялық жөндеу жұмыстарын жүргізу ережесі, қызмет көрсетілетін су құбыры кәріз желінің орналасу тәсімдері, қысыммен істейтін құбыр пісіру ерекшеліктері;

пісіру жіктерінің сыныптауышы;

оларды айқындау және болдырмау әдістері, газдануды белгілеу және жою әдістері.

196. Жұмыс үлгілері:

1) шандор және қалқан бекітпелері, шиберлер – монтаждау және демонтаждау;

2) диаметрі 1200 мм-ден жоғары жылжымалар - жабу, ашу және жөндеу;

3) энергиялық копару құрылғысы – жұмысқа дайындау;

4) жерасты құбырлары – топырақты ашпай жөндеу.

Жұмысшылардың жұмыстары мен

Жұмысшылар кәсіптерінің алфавиттік көрсеткіші

№ р/с	Кәсіптердің атауы	Разрядтар диапазоны	Беті
1.	Булау құрылғысының аппаратшысы	4	2
2.	Пеш шаруашылығы бақылаушысы	2-4	3
3.	Газ тарату станциясының машинисі	4-5	4
4.	Газгольдер станциясының операторы	2-4	5
5.	Газ шаруашылығындағы авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары	4-6	7
6.	Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесары	2-5	10
7.	Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу слесары	2-5	13
8.	Электр газбен пісіруші-оюшы	4-6	16
9.	Су бөлуші	1-2	19
10.	Ұйытушы	2-3	19
11.	Су құбыры-кәріз желісін аралап тексеруші	2-4	20
12.	Озонаторшы	5	21
13.	Су бекіту имараттарының операторы	1-3	22
14.	Су құбыры-кәріз шаруашылығында қашықтықтан басқару пультінің операторы	2-5	23
15.	Аэротенктегі оператор	2-4	25
16.	Биосүзгідегі оператор	2	26
17.	Тұнба алаңындағы оператор	1-3	27
18.	Метантенктегі оператор	2-5	28
19.	Тұндырғыштардағы оператор	2-5	29
20.	Құм тұтқыш және май тұтқыш операторы	2-3	31
21.	Тор операторы	1-3	32
22.	Тазалау имараттарының операторы	1-3	33
23.	Сүзгідегі оператор	1-4	35
24.	Эмшер операторы	2	36
25.	Суландыру және сүзгілеу алаңы операторы	1-2	37
26.	Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы	1-6	37
27.	Тұнбаны тазалау имараттарының операторы	1-2	40
28.	Тұнбаны сусыздандыру құрылғысының операторы	2-5	41
29.	Тұнбаны кептіру құрылғысының операторы	2-5	43
30.	Хлоратор құрылғысының операторы	2-4	44
31.	Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары	2-6	46

**1985 жылы шығарылған БТБА-ның бұрын қолданыста болған
бөлімі бойынша атаулары көрсетілген, осы бөлімде көзделген
жұмысшылар кәсіптері атауының тізбесі**

Р/ с №	Осы бөлімге орналастырылған жұмысшылар кәсіптерінің атауы	Разрядтар диапазоны	БТБА шығарылым №	1985 жылы шығарылған БТБА-ның бұрын қолданыста болған шығарылымы бойынша атаулар	Разрядтар диапазоны	БТБА шығарылым №	Бөлімнің қысқартылғ атауы
1	2	3		4	5	6	7
1	Булау құрылғысының аппаратшысы	4	63	Булау құрылғысының аппаратшысы	4	69	Г а з шаруашыль
2	Су бөлуші	1-2	63	Су бөлуші	1-2	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
3	Ұйытушы	2-3	63	Ұйытушы	2-3	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
4	Пеш шаруашылығы бақылаушысы	2-4	63	Пеш шаруашылығы бақылаушысы-қабылдаушы	2-4	69	Г а з шаруашыль
5	Газ тарату станциясының машинисі	4-5	63	Газ тарату станциясының машинисі	4-5	69	Г а з шаруашыль
6	Су құбыры-кәріз желісін аралап тексеруші	2-4	63	Су құбыры-кәріз желісін аралап тексеруші	2-4	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
7	Озонаторшы	5	63	Озонаторшы	5	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
8	Су бекіту имараттарының операторы	1-3	63	Су бекіту имараттарының операторы	1-3	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
9	Газгольдер станциясының операторы	2-4	63	Газгольдер станциясының операторы	2-4	69	Г а з шаруашыль
10	Су құбыры-кәріз шаруашылығында қашықтықтан басқару пультінің операторы	2-5	63	Су құбыры-кәріз шаруашылығында қашықтықтан басқару пультінің операторы	2-5	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
11	Аэротенктегі оператор	2-4	63	Аэротенктегі оператор	2-4	69	С у құбыры-кәр шаруашыль

12	Биосүзгідегі оператор	2	63	Биосүзгідегі оператор	2	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
13	Тұнба алаңындағы оператор	1-3	63	Тұнба алаңындағы оператор	1-3	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
14	Метантенктегі оператор	2-5	63	Метантенктегі оператор	2-5	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
15	Тұндырғыштардағы оператор	2-5	63	Тұндырғыштардағы оператор	2-5	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
16	Құм тұтқыш және май тұтқыш операторы	2-3	63	Құм тұтқыш және май тұтқыш операторы	3	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
17	алып тасталған	-	-	Құм тұтқыш операторы	3	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
18	Тор операторы	1-3	63	Тор операторы	1-3	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
19	Тазалау имараттарының операторы	1-3	63	Тазалау имараттарының операторы	1-3	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
20	Сүзгідегі оператор	1-4	63	Сүзгідегі оператор	1-4	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
21	Эмшер операторы	2	63	Эмшер операторы	2	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
22	Суландыру және сүзгілеу алаңы операторы	1-2	63	Суландыру және сүзгілеу алаңы операторы	1-2	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
23	Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы	1-6	63	Тұрғын үй және қоғамдық ғимараттар жабдықтарын басқару пультінің операторы	1-6	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
24	Тұнбаны тазалау имараттарының операторы	1-2	63	Тұнбаны тазалау имараттарының операторы	1-2	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
25	Тұнбаны сусыздандыру құрылғысының операторы	2-5	63	Тұнбаны сусыздандыру құрылғысының операторы	2-5	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
26	Тұнбаны кептіру құрылғысының операторы	2-5	63	Тұнбаны кептіру құрылғысының операторы	2-3	69	С у құбыры-кәр шаруашыль

27	Хлоратор құрылғысының операторы	2-4	63	Хлоратор құрылғысының операторы	2-4	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
28	Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары	2-6	63	Авариялық қалпына келтіру жұмыстарының слесары	2-6	69	С у құбыры-кәр шаруашыль
29	Г а з шаруашылығындағы авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары	4-6	63	Газ шаруа-шылығындағы авариялық-қалпына келтіру жұмыстарының слесары	4-6	69	Г а з шаруашыль
30	Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесары	2-5	63	Жер асты газ құбырларын пайдалану және жөндеу слесары	2-5	69	Г а з шаруашыль
31	Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу слесары	2-5	63	Газ жабдықтарын пайдалану және жөндеу слесары	2-5	69	Г а з шаруашыль
32	Электр газбен пісіруші-оюшы	4-6	63	Электр газбен пісіруші-оюшы	4-6	69	Г а з шаруашыль